**Маңғыстау облысы Білім басқармасының**
**« АҚТАУ қаласы бойынша білім бөлімі»**
**«IT мектеп-лицей»**
**коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

БЕКІТЕМІН
«Маңғыстау облысы Білім басқармасының
« Ақтау қаласы бойынша білім бөлімі»
«IT мектеп-лицей» КММ директоры м.а
_______________
Батырова .А.С
« 05» ___09___2023ж

КЕЛІСЕМІН:
Оқу ісінің орынбасары
_______________
Есболаева Ж.Е.
« 05» ___09___ 2023ж

Ә/Б ОТЫРЫСЫНДА
ҚАРАЛДЫ:
ӘБ жетекшісі: _______________
Ақышова А.
«28» ___08___2023ж

# 2023-2024 оқу жылына арналған мектепалды «Ә» сыныбының перспективалық жоспары

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы»Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 17 қазанда № 30183 болып тіркелді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 6-тармағына және 14-бабының 1-тармағына, "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі - Стандарт) талаптарына сәйкес әзірленді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген)

Мектепалды сыныптарда және топтарда тәрбиелеу мен оқыту процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып құрастырылған "Алматыкітап баспасы"баспасының оқулықтары бойынша 2023-2024 ж.

Перспективалық жоспарлауды құрастырған/ ________________________**Қапашова Ж.С.**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы: «IT мектеп-лицей»КММ**
**Топ/сынып:**Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:**5-6жас
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** қыркүйек айы 2023-2024 оқу жылы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| ҚЫРКҮЙЕК | **Дене шынықтыру** | - сапқа бір қатармен тұру.<br>- дене қасиеттерін қалыптастыру;<br>- үйде, көшеде, табиғатта өзін-өзі қауіпсіз ұстау дағдыларын жетілдіру;<br>- негізгі қозғалыстарды жетілдіру арқылы балалардың қозғалыс тәжірибесін байыту. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | -балалардың сөздік қорын зат есімдермен байыту;<br>- басқа адамдармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;<br>- әртүрлі формалар мен іс-әрекеттерде ауызша сөйлеуді дамыту;<br>- қазақ халқының және басқа ұлттардың мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. |
| | **Көркем әдебиет** | -шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу.<br>- коммуникативті дағдылар мен дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдау және тыңдау, диалог жүргізуге, өз ұстанымын білдіруге дайын болу;<br>- қазақ және басқа халықтардың мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. |
| | **Қазақ тілі** | -сөйлеу әрекетінің түрлерін тыңдалым,айтылым,оқылым,жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және тілдік нормаларды сақтай отырып іс-әрекетте және күнделікті өмірде қолдану;<br>-балалардың сөздік қорын байыту. |
| | **Сауат ашу негіздері** | -«Сөз» және «дыбыс» терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.<br>- балаларды сөздегі дыбыс тізбегін белгілей білуге үйрету. |
| | **Математика негіздері** | -математикалық терминдерді қолдана білуді, геометриялық пішіндерді тану және атай білуді үйрету;<br>- танымдық процестерді дамыту: зейін, есте сақтау, қабылдау, шығармашылық, қиялдау, ойлаудың өзгермелілігі;<br>- элементар математикалық бейнелерді қалыптастыру. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | -табиғатқа қамқорлықпен қарауға, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеу.<br>-үйде, балабақшада, қоғамдық орындарда қарым-қатынастың жалпы қабылданған нормалары мен |

| | | |
|---|---|---|
| | | ережелерін сақтауға үйрету. |
| | **Сурет салу** | -елестету және заттарға қарап пішндерді бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру.<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған шындықтың эстетикалық жағына қызығушылықтарын дамыту;<br>- көркем шығармаларды қабылдау қабілетін қалыптастыру, эмоционалды көзқарасты ояту. |
| | **Мүсіндеу** | -атқа қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі таныс заттарды мүсіндеу;<br>- балаларда өмірден алынған және өз ойлары бойынша әртүрлі заттарды мүсіндеу қабілетін дамыту;<br>- баланың заттардың пішіні, олардың айырмашылығы мен ұқсастығы, кеңістіктегі орны, өзіне тән белгілері туралы түсінігін нақтылау. |
| | **Жапсыру** | - балалардың қайшыны қолдану, желіммен жапсыру біліктерін бекіту;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған шындықтың эстетикалық жағына қызығушылықтарын дамыту;<br>- көркем шығармаларды қабылдау қабілетін қалыптастыру, эмоционалды көзқарасты ояту. |
| | **Құрастыру** | -шамасы бойынша әртүрлі құрылыстардың нұсқаларын жасай білу;<br>- танымдық процестерді дамыту: зейін, есте сақтау, қабылдау, шығармашылық, қиялдау, ойлаудың өзгермелілігі;<br>- психикалық әрекеттердің әдістерін (анализ, синтез, салыстыру, жалпылау, модельдеу, құрастыру, себеп-салдар байланысын орнату) үйрету. |
| | **Музыка** | -дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету<br>- аспаптық музыкаға деген қызығушылықтарын арттыру, музыканың табиғатын ажырата білу қабілеттерін дамыту;<br>- Қазақстан композиторларының өмірі мен шығармашылығы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>- балаларды кернеусіз, жеңіл дыбыспен, бірқалыпты мәнерлі ән айтуға үйрету. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| ҚАЗАН | **Дене шынықтыру** | -денені дұрыс ұстау дағдыларын бекіту;<br>-балаларға жүгіру және секіру жаттығулары алмастыра орындай алуға жаттықтыру қасиеттерін қалыптастыру;<br>-балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай жасау;<br>-баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл- қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | -кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтармен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу;<br>-мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету; балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту;<br>-еңбекқорлыққа тәрбиелеу. |
| | **Көркем әдебиет** | -әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді теңеулерді қолдану, көңіл күймен азмұндауға үйрету;<br>-әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру, сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және ойлау<br>қабілеттерін дамыту;<br>-әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап, мазмұндауға еңбекті бағалауға тәрбиелеу. |
| | **Қазақ тілі** | -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдердітүсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>-сөздерді сөз тіркесімен айтуға,сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуғадағдыландыру;<br>-тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық,дұрыс айта білу дағдыларын дамыту. |
| | **Сауат ашу негіздері** | -сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру;<br>-дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту;<br>-шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелеу. |
| | **Математика негіздері** | -балаларды қағаз парағының бетінде бағдарлау (жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта);<br>жад пен кеңістіктік ойлауды дамыту білігін қалыптастыру;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | -күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету;<br>-балалардың табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін күшейтіп, табиғатпен қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру;<br>-баланың тұлғалық қасиеттерін дамыту. |
| | **Сурет салу** | -мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін үйрету;<br>қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;<br>-ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, тиянақтылыққа тәрбиелеу. |
| | **Мүсіндеу** | -геометриялық фигураларды қияр, қызылша, сәбіз,т.б.көгөністер пішініне келтіру арқылы мүсіндеу; |

| | | |
|---|---|---|
| | | -қолдың ұсақ моторикасын,ойлау қабілеттеріндамыту;<br>-адамгершілік,эстетикалық тәрбие беру. |
| | **Жапсыру** | -қағаз бетіне бейнені дұрыс орналастыра білу машығына баулу;<br>-шығармашылық қабілеттерін дамыту;<br>-табиғатты сүюге, әсемдікке тәрбиелеу. |
| | **Құрастыру** | -құрылыс материалдарынан ұшақты құрастыра білуге үйрету;<br>-ұшақты құрастыруда оның негізгі бөлігі мен ұсақ бөлшектерін ажырата алу және балалардың ой-қиялын дамыту;<br>-өзінің іс-әрекетін алдын ала жоспарлау дағдыларын қалыптастыру, батылдыққа, ерлікке тәрбиелеу. |
| | **Музыка** | -әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату;<br>-музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту; -ойын арқылы |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| ҚАРАША | **Дене шынықтыру** | - дене қимыл жаттығуларын төзімділік пен жаттыққандықты арттыру үшін біртіндеп көбейте отырып орындауға дағдыландыру.<br>-жетекшінің белгісі бойынша жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыруға, алға жүріп келе жатып бір-біріне доп лақтыруға жаттықтыру. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | -сөздерді буынға бөлуді үйрету;<br>-сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылысөйлеу тілдерін дамыту;<br>-көркем шығармаларды сахналауға үйрету.<br>-балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттеріндамыту; |
| | **Көркем әдебиет** | -ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға,баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегінібаяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету;<br>-ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және ойлау орта, қабілеттерін дамыту;<br>-адал дос болуға тәрбиелеу. |
| | **Қазақ тілі** | -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілуге үйрету.<br>-сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білудағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету.<br>-қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру. Сұраққа толық жауап бере алу дағдыларын және артикуляциялық аппаратты дамыту. |
| | **Сауат ашу негіздері** | -дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру;<br>-берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту және графикалық жұмысты орындау кезінде жаза білу қабілеттерін дамыту;<br>-тиянақты және мұқият болуға тәрбиелеу. |
| | **Математика негіздері** | -топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10- ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | -қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту;<br>-табиғатқа қатысты қарапайым ғылыми түсінікті дамыту; заттарды салыстыру арқылы талдау қасиетін дамыту;<br>-табиғатқа қамқорлықпен, жанашырлықпен карауға үйрету. Этикалық және эстетикалық |

| | | |
|---|---|---|
| | | сезімдерін қалыптастыру. |
| | **Сурет салу** | -балаларға тостаған және оған құйылатын сусындар туралы білім беру; торсық және оның жасалу жолдары туралы білім беру;<br>-қылқаламды пайдалана отырып затты безендіруде түстерді ажырата білу қабілеттерін дамыту;<br>-заттың көлеміне,пішініне сәйкес өрнектерді дұрыс орналастыра білу іскерліктерін дамыту;<br>-түрлі өлшемдегі өрнекті элементтерді үйлестіру,жұмысты уақытымен нұсқау бойынша орындауға тәрбиелеу. |
| | **Мүсіндеу** | -маусымдық өзгерістер туралы білімін кеңейту;<br>-балалардың қиялын, ойлау қабілетін дамыту;<br>-еңбекқорлыққа, ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. |
| | **Жапсыру** | -архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейте отырып, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту;<br>-балалардың үй туралы, оның түрлері туралы ой-қиялдарын жетілдіру. |
| | **Құрастыру** | -табиғи материалдардын түрлерімен таныстыру және олардан жәндіктерді құрастыруды үйрету;<br>-кепкен жапырақтардың пішініне сәйкес әртүрлі ұсақ заттар дайындау, шығармашылық қабілеттерін дамыту;<br>-киндер қауашақтарынан аңдардың бейнесін жасай білуге үйрету;<br>-қалдық заттармен жұмыс жасауда шығармашылық ойлауды дамыту;<br>-сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту. |
| | **Музыка** | -шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату;<br>-мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту;<br>-әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыкалық аспаптарда ойнауға үйрету. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| ЖЕЛТОҚСАН | **Дене шынықтыру** | -нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастырудыжалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау.<br>-балаларды шаңғымен жүрумен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйрету;<br>-дене қимыл жаттығуларын төзімділік пен жаттыққандықты арттыру үшін біртіндеп көбейте отырып орындауға дағдыландыру. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | -балаларға жайлау өлеңініңмазмұнын түсіндіру;<br>-балалардың сөздік қорын дамыту;<br>-дыбыстарды дұрысдыбыстауға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | -әңгімені эмоциялық-бейнелік мазмұндап, баяндауға баулу;<br>-әңгімені жалғастырып, сюжет бойынша құрастыруға, қисынды мазмұндауға үйрету;<br>-әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру;<br>-сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін, еңбек дағдыларын дамыту;<br>-еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. |
| | **Қазақ тілі** | -сыпайылықты білдіретін сөздерменсөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру;<br>**-**қарапайым сұрақтарға жай сөйлем мен жауап беру, артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және<br>дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрысайтуға жаттықтыру. |
| | **Сауат ашу негіздері** | -сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету;<br>-дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-дербес жұмыс істей алуға тәрбиелеу. |
| | **Математика негіздері** | -көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар жасау; санау білігін бекіту, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | -жануарлардың (аңдардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру;<br>-логикалық ойлау, талқылау, салыстыру, пікір білдіру қабілеттерін дамыту;<br>-табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оның сұлулығын қабылдап, терең түйсінуге, жануарлар мен өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу. |
| | **Сурет салу** | -балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету,Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту; |

| | | |
|---|---|---|
| | | -балалардың туған жердің көрінісін қағазға түсіре білудегі шығармашылық ойлауын дамыту; -балаларды қазақтың қонақжайлылығымен таныстыру;<br>-дастарқанды әшекейлеу арқылы көркемдік талғамын қалыптастыру; |
| | **Мүсіндеу** | -ыдыстың шығу тарихымен, ыдысты жасайтын материал түрімен (тас, әйнек, ағаш, металл, қыш, пластик )таныстыру;<br>-белсенділігін, шығармашылығын дамыту;<br>-тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. |
| | **Жапсыру** | -ойлау қабілеттерін , қиялын дамыту.<br>-бұрынғы үйренген әдіс-тәсілдерді өз еріктерімен қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;<br>-ұсақ қол қимылдарын, ойлау қабілетін дамыту ;<br>-ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу**.** |
| | **Құрастыру** | -табиғи материалдардан әртүрлі орман мекендеушілерін жасай білуге үйрету;<br>-табиғи материалдарды пайдаланып әртүрлі бейнелер жасай білу, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу, шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту;<br>- ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. |
| | **Музыка** | -музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту;<br>-әннің сипатын қабылдау дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру;<br>-әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| ҚАҢТАР | **Дене шынықтыру** | -балаларға бір орнында тұрып секіру жаттығуларымен таныстыру.Қауіпсіз ережелерді сақтай білуге тәрбиелеу. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | -сөйлем түрлері бойыншаалған білімдерін пысықтау;<br>-әңгімеге тақырып қоя білуге үйрету;<br>-үлкендерді сыйлауға, еңбексүйгіштіккетәрбиелеу. |
| | **Көркем әдебиет** | -өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету;<br>-балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге, өзара қарым-қатынасын  дамыту. |
| | **Қазақ тілі** | -сөздік қорларын жаңа сөздерментолықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойыншашағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру.<br>-қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. |
| | **Сауат ашу негіздері** | -сөздерге дыбыстық талдау жасату үйрету;<br>-суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршату, жасалу жолдарын естеріне түсіру дағдыларын бекіту;<br>-дұрыс отыру, дұрыс жазу ережелерін таныстыра отырып, дене сымбатын дұрыс қалыптастыруға тәрбиелеу. |
| | **Математика негіздері** | -геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету;<br>-зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау;<br>-графикалық диктантты орындауға үйрету;<br>-кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | -балалардың үйде асырайтын жануарлар туралы түсініктерін кеңейту;<br>-олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін нығайту;<br>-балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Табиғатпен адамгершілік қарымқатынаста болуға үйрету. |
| | **Сурет салу** | -балалардың ұлттық киімдер  жайында білімдерін арттыру;<br>-нұсқау бойынша қамзолды безендіруді үйрету;<br>-жұмысты ұқыпты, көркемдік талғаммен жасауға тәрбиелеу. |
| | **Мүсіндеу** | -ұлттық ыдыстардың ерекшеліктеріне назар аудараотырып, оны мүсіндеудің әдіс-тәсілдерімен таныстыру; |

| | | |
|---|---|---|
| | | -ойын арқылы балалардың қимыл- қозғалыстарын, көркемдік талғамдарын дамыту;<br>-балаларды ауызбірлікке,ұлттық<br>дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу. |
| | **Жапсыру** | -бүктелген қағаздан симметриялы пішінді қия білуді<br>жалғастыру;<br>-шығармашылық қасиеттерін дамыту;<br>-қол қимылдарын жаттықтыру;<br>-өнерді бағалай білуге, өнерлі болуға талпынуға ықпал ету. |
| | **Құрастыру** | -құрылыс материалдары мен «Лего» конструкторларды пайдалана отырып көлік түрлерін құрастыруға үйрету;<br>-бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастыру,олардың бөлшектерін берік орнату және шығармашылық ойлауды дамыту;<br>-берілген тақырыпқа сурет, фотосуреттер бойынша құрылыс салу оны сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту. Өзі жасаған құрылысын талдау негізінде шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлау, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу. |
| | **Музыка** | -музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, шығарманы сипаттай білу;<br>-жеңіл әуендерді ансамбльмен, балаларға арналған музыкалық аспаптарда,фортепианоның |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| АҚПАН | **Дене шынықтыру** | -сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүреді, заттардан бір қырымен аттап жүруді дамыту;<br>-ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, заттардың арасымен, жіптерден аттап жүреді;<br>-сапқа тұрып, төмен ұстаған екі қолмен допты бір – біріне лақтыру жаттығуын жасай алуға жаттықтыру;<br>-қапшықты арқаға қойып, еңбектеп өту. Қапшықты төбеге қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өтуге тәрбиелеу. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | -ертегі мазмұнын түсініктітүрде мазмұндай білуге жаттықтыру.<br>-баланың сөйлеу және тыңдай білу, сұраққажауап беру қабілеттерін дамыту.<br>-балаларды батырлыққа, өжеттілікке тәрбиелеу. |
| | **Көркем әдебиет** | -шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу.<br>- коммуникативті дағдылар мен дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдау және тыңдау, диалог жүргізуге, өз ұстанымын білдіруге дайын болу. |
| | **Қазақ тілі** | -сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру;<br>-қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білу және оларды қолдана білу дағдыларын дамыту.Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеутілдерін жетілдіру. |
| | **Сауат ашу негіздері** | -сөйлем сызбасымен таныстырып, 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету;<br>-сөйлем сызбасын құруды үйретіп, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып, берілген буынға сөз құрап, дыбыстық сызба бойынша сөз құрай алу дағдыларын бекіту;<br>-басталған жұмысты аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу. |
| | **Математика негіздері** | -балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау;<br>-логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | -балалардың «адам, жануар және өсімдіктер үшін тіршілік көзі – ауа» деген түсініктерін кеңейту;<br>-тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту;<br>-балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Табиғатпен адамгершілік қарымқатынаста болуға үйрету. |
| | **Сурет салу** | -қазақ халқының тұрмысы, еңбегі, ұлттық киімдер туралы ұғымдарын бекіту;<br>-балалардың шығармашылық қабілетін дамыту;<br>-балаларды бір-біріне дұрыс қарым-қатынас жасауға, адамгершілік, ізгілік қасиеттерге тәрбиелеу. |
| | **Мүсіндеу** | -торсықты әртүрлі әдіс-тәсілдермен безендіру; торсықтың пішініне сәйкес ою-өрнектерді |
| | | шығармашылық пентаңдап, әшекейлеу жолдарын түсіндіру; |

| | | |
|---|---|---|
| | | -ұсақ қол қимылдарын дамыту, көру арқылым үсіндей білу іскерліктерін қалыптастыру;<br>-ұлттық бұйымға деген қызығушылықтарын ояту,өнерді сүюге тәрбиелеу. |
| | **Жапсыру** | -жіңішке бөліктердің қиюдың жолдарын меңгерте отырып қию шеберліктерін шыңдау;<br>-шығармашылық қабілеттерін дамыту, бірлесіп еңбек етуге,қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу |
| | **Құрастыру** | -қалдық материалдармен заттар құрастыра білуге үйрету;<br>-қалдық материалдарды мақсатты түрде пайдалана білуді бекіту;<br>-қағаздан цилиндр пішіндер жасау арқылы күшікті бейнелей білуге үйрету;<br>-қағазбен көлемді пішіндер жасауда композицияға біріктіру, ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-шығармашылық қиялды дамыту, үй жануарларына қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. |
| | **Музыка** | -лирикалық байсалды әуендерді қабылдап, қарқындық өзгерісін белгілеу. Фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту;<br>-жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту; |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| НАУРЫЗ | **Дене шынықтыру** | -баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл- қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау;<br>-түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге жаттықтыруды жалғастыру, допты соға білу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. ә) Айналып тұрған арқанның астымен түрлітәсілмен жүгіріп өтуге жаттықтыру;<br>-айналып тұрған арқан астымен шапшаң өтіпкету сапасын дамыту. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | -Наурыз мерекесі туралытүсінік беру;<br>-балалардың ойлау қабілетін дамыту;<br>-салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. |
| | **Көркем әдебиет** | -өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей<br>оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету.;<br>-өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге айналасына жағымды қарым-қатынас жасай білу дағдысын дамыту. |
| | **Қазақ тілі** | -сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс жеткізе білу дағдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініпжәне күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>-сөздік қорларын, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. |
| | **Сауат ашу негіздері** | -сөздерді буынға бөлуге, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы сөздерді дұрыс айту машықтарын қалыптастыру;<br>-ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту;<br>-ұжым болып тапсырмаларды орындату арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу. |
| | **Математика негіздері** | -салмағына қарай заттарды салыстыруға үйрету, таразыда жатқан ауыр затты анықтауға үйрету; таразыны теңестіру үшін «тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керек» деген ұғыммен таныстыру. Санау білігін, суретке қарап мысалдар құрастыру, оны шығару дағдыларын бекіту;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>-дербестікке баулу. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | -балалардың Қазақстан Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктер туралы түсініктерін нығайту;<br>-тірі нысанды суреттеу қабілетін, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту;<br>-туған өлкені сүюге тәрбиелеу. |
| | **Сурет салу** | -мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін үйрету; |
| | | қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; |

| | | |
|---|---|---|
| | | -ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, тиянақтылыққа тәрбиелеу. |
| | **Мүсіндеу** | -балардың ой-қиялын, эстетикалық талғамдарын дамыту;<br>-Отанын, елін, жерін сүюге, адалдыққа,батылдыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеу. |
| | **Жапсыру** | -жіңішке бөліктердің қиюдың жолдарын меңгерте отырып қию шеберліктерін шыңдау;<br>-шығармашылық қабілеттерін дамыту, бірлесіп еңбек етуге,қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу |
| | **Құрастыру** | -табиғи материалдарды пайдаланып әртүрлі бейнелер жасай білу, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу, шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту;<br>- ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. |
| | **Музыка** | -музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру;<br>-қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **СӘУІР** | **Дене шынықтыру** | -мидың табиғи механизмдерінің жұмысын белсендендіруге, зейіндерін тұрақтандыруға ықпал ету. Қысқа секіртпеден секіруге жаттыға түсу.Қол басының айнала қозғалуы мен аяқтың тігінен қозғалуын жалғастыру.;<br>-доптылақтыру мен жерге соғылған соң арт жақтан шапалақ ұрып қағып алу, допты қаққанда алақанын жазып, саусақ басымен қағу, бұралаңдап жерге қойылған бауды басып, тепе-теңдік сақтау дағдыларын арттыру. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | -өлең арқылы көлік түрлерініңмаңызын түсіндіру;<br>-есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыту;<br>-еңбекүйгіштікке тәрбиелеу. |
| | **Көркем әдебиет** | ертегіні баяндауда  сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға үйрету;<br>-ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту;<br>-ертегі арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. |
| | **Қазақ тілі** | -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту. |
| | **Сауат ашу негіздері** | -берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру.<br>-«Кері іс-әрекетті айт» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту;<br>-білімпаз болуға тәрбиелеу. |
| | **Математика негіздері** | -заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту. Таразының қай табағында ауыр зат жатқанын анықтауға (төмен түскен табақта), таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керектігін үйрету; графикалық диктантты орындау, қағаз бетінде бағдарлау, 10 көлемінде санау, заттардың санын цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту;<br>-зейін, жад, сөйлеу және қолдың моторикасын дамыту. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | -табиғат аясында өз-өзін ұстау тәртібімен таныстыру. Балалардың назарын қоршаған орта проблемаларына аудару;<br>-балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру;<br>-қатар құрбыларымен және ересектермен өзара қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу. |
| | **Сурет салу** | -балалардың көктемгі құбылыстар туралы білімдерін бекіту;<br>-көктемнің шуақты бейнесін көре білуге, қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру;<br>-жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу. |
| | **Мүсіндеу** | -гүлдердің түр-түстерін ажырата білуге баулу;өсімдіктерді күту ережелерімен |

| | | |
|---|---|---|
| | | таныстыру;<br>-қолдың қимылын, сөздік қорын, тілін дамыту;<br>-эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, табиғаттыаялай білуге тәрбиелеу. |
| | **Жапсыру** | -қағаздарды түр-түсіне қарай іріктеп алу, пішіндерді қағаз бетіне дұрыс орналастыра білу дағдыларын<br>қалыптастыру; саусақ қозғалыстарын жетілдіру;<br>-қайшымен жұмыс істеу кемділігін арттыру; қуана білуге,<br>достарына, айналасындағыларға қуаныш сыйлай білуге тәрбиелеу. |
| | **Құрастыру** | -өз құрылысын талдай білуді бекіту, талдау негізінде құрылымдық шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлай білуге үйрету;<br>-құрылыс материалдарымен құрастыруда ұжымдық мазмұнды құрастыруға қозғау салу, шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту; |
| | **Музыка** | -музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.<br>Дағдыларды қалыптастыру: бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау;<br>-жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып, ырғақтық бейнесін анық<br>бере отырып ойнау;<br>-анаға сүйіспеншілігін арттыру, анаға қамқор болуға, құрметтеуге тәрбиелеу. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **МАМЫР** | **Дене шынықтыру** | -жыл бойы жасап үйренген жаттығуларды ұқыптылықпен,шапшаңдылықпен орындай білуді қалыптастыру. Дене жаттығуларын үнемі орындай білуге тәрбиелеу. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | -«Жаздың кезі көңілді»тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастырту.<br>-сұрақтарға жауап беру арқылы сөздікқорларын толықтыру. |
| | **Көркем әдебиет** | -өлең мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау, баяндау сипатын сезінуге баулу;<br>-өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету;<br>-өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану, өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. |
| | **Қазақ тілі** | -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту. |
| | **Сауат ашу негіздері** | -дыбыс, буын, сөз ұғымдарын бекіту ұзынжәне қысқа сөздерге мысал келтіруге, дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру;<br>-сөздің сызбасын дұрыс тауып қоса білуге, сөйлем сызбасын сызу секілді дағдыларын бекіту;<br>-бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу. |
| | **Математика негіздері** | -10 көлемінде тура және кері санау, геометриялық пішіндер мен денелер атауын бекіту. Есеп шығару, заттарды салмағы бойынша салыстыру біліктерін бекіту;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу біліктілігін; логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | -жобалық жұмыстар арқылы балалардың танымдық қызметін жандандыру. Олардың қабілеттері мен дағдысын бекіту;<br>-тәжірибелік жұмыстарға деген қызығушылығын арттыру, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту;<br>-зерттеушілік және экологиялық сана-сезімін жетілдіру. |
| | **Сурет салу** | -ауыл мен қала ерекшеліктері, құндылықтары туралы білімдерін бекіту, алған әсерлерін көрсете білуге үйрету;<br>-кешкі қала көрінісін сезіне отырып, қағаз бетіне дұрыс орналастыруды үйрету;<br>-жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу. |
| | **Мүсіндеу** | -еңбек үрдісі арқылы бала қиялын жетілдіру;<br>-қол-қимыл әрекеттерінің қозғалғыштығын,үйлесімділігін дамыту;<br>-ұқыптылыққа, әсемдікке тәрбиелеу. |
| | **Жапсыру** | -жіңішке бөліктердің қиюдың жолдарын меңгерте отырып қию шеберліктерін шыңдау;<br>-шығармашылық қабілеттерін дамыту, бірлесіп еңбек етуге,қарым-қатынас мәдениетіне |

| | | |
|---|---|---|
| | | тәрбиелеу |
| | **Құрастыру** | -бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастыру,олардың бөлшектерін берік орнату және шығармашылық ойлауды дамыту;<br>-берілген тақырыпқа сурет, фотосуреттер бойынша құрылыс салу оны сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту. Өзі жасаған құрылысын талдау негізінде шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлау, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу. |
| | **Музыка** | -музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру;<br>-сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту. |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ / ЖЫЛДЫҚ/**

**Білім беру ұйымы: «IT мектеп-лицей»КММ**
**Топ/сынып:**Мектепалды 0 «А» сынып
**Балалардың жасы:**5-6жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** қыркүйек айы 2023-2024 оқу жылы
***Апталық жүктеме 3 сағат, жылдық жүктеме 99 сағат.***
***Алматы «Алматыкітап баспасы» 2022 ж.***

**Мақсаты:** денсаулық сақтау технологиясын қолданып, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту.
**Міндеттері:**

балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;

спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;

дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;

дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;

балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық-педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.

**Дене шынықтыру.**

Негізгі қимылдар:

Жүру. Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру.

Тепе-теңдікті сақтау. Заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру. Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып,

кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу.

Жүгіру. Шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 мин тоқтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 м) жүгіру.

Еңбектеу, өрмелеу.Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 м); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу. Бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.

Секіру. бір орында тұрып, алға қарай 3–4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 м) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 м), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктен секіру, 20 см дейінгі биіктіктікке секіру.

Лақтыру, қағып алу, домалату. Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; 2–2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 м) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 м).

Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.

Жалпы дамытушы жаттығулар.

Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.

Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға

бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею.

Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).

Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).

Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет),стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр), аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.

Спорттық жаттығулар

Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлеріментаныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.

Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау;

Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау;

Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналу;

Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.

Жүзу. Судың таяз жерінде отырып және жатып аяқпен қимылдар жасау (жоғары және төмен). Судың ішінде қолымен алға, артқа жүру (аяғы денесінің деңгейінде созылған). Иек, көз деңгейіне дейін судың ішінде отыру, суға бетін малу, суға үрлеу; суда жүзу.

Судағы аэробика. Бұрылыстар жасай отырып, суда қимылдар жасау.

Спорттық ойындар

Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.

Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.

Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.

Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.

Қимылды ойындар.

Ынта мен шығармашылық танытa отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

Дербес қимыл белсенділігі

Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.

Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.

Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға, ал көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау.

Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.

Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.

Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу.

Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру

Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.

Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол - аяқтарын жуу, тіс тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл шүберекпен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.

Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау.

Өзіне – өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.

Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.

Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары

Жергілікті шаралардың температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым су шараларын өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулықтарын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және аяқтың өкшелерін нығайту.

**Күтілетін нәтижелер:**

- сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүреді, заттардан бір қырымен аттап жүреді;
- ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, заттардың арасымен, жіптерден аттап жүреді;
- жүруде тепе-теңдікті сақтайды;
- әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен тоқтамай жүгіреді;
- белгіленген жерге дейін жылдамдыққа жүгіреді;
- заттардың арасымен төрттағандап еңбектейді;
- әртүрлі тәсілдермен заттардан еңбектеп өтеді;
- бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып, өрмелейді;
- заттардың арасымен секіреді, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіреді;
- тұрған орнында айналып секіреді;
- допты жоғары, жіптің үстінен лақтырып бір қолымен қағып алады;
- допты еденге бір қолмен ұрып, екі қолмен қағып алады;
- бір қатарға бір-бірден тұра алады, бір орында бұрылады;
- үш қатарға сап түзеп қайта тұра алады;
- музыкамен сүйемелденетін қимылды ойындарда музыкаға сәйкес әртүрлі қарқында қимылдар жасайды;
- қимылды ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық танытады, ойын ережелерін сақтайды;
- ұлттық қимылды ойындар, жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға белсенділікпен қатысады;
- қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруда белсенділік танытады;
- ойындарда физикалық қасиеттерді: жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік көрсетеді;
- төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанай алады;
- өз бетінше мұзды жолмен сырғанайды;
- шаңғымен оңға және солға бұрылады, айналады;
- екі дөңгелекті велосипед, самокат тебеді;
- суда жүзуге тырысады, әртүрлі ойындар ойнайды;
- спорттық ойындар мен жаттығуларда белсенділік танытады;

- гигиеналық шараларды өз бетінше орындайды;
- шынықтыру шараларының маңызы мен қажеттілігін түсінеді;
- гигиеналық шараларды жүргізуде бір-біріне көмектеседі;
- өзіне – өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын біледі;
- салауатты өмір салтының құндылығын түсінеді.

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**

**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ / ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Спортзал. Спортзалда ойнаймыз. | -кеңістікте бағдарлай білу және күш секілді дене қабілеттерін дамыту;<br>-спортқа деген қызығушылықтарын дамыту.<br>-ептілік,шыдамдылық,төзімділік тәрізді дене қабілеттерін дамыту. | 1 | 01.09.23 |
| 2 | Денсаулықтың құпиялары. | -спортпен шұғылдану,салауатты өмір салтына,өз денсаулығын бағалай білуге баулу. | 1 | 04.09 |
| 3 | Күлкі сыйла. | -бала ағзасын төзімді,мықты болуға шынықтыру,омыртқаның қисайып кету қаупінің алдын алу. | 1 | 06.09 |
| 4 | Біз күшті және ержүрекпіз. | -салауатты өмір салтын сақтауға баулу. | 1 | 08.09 |
| 5 | Мен ойнағанды жақсы көремін. | -кеңістікті бағдарлай білу шеберліктерін дамыту,қозғаушы есте сақтау қабілеттерін дамыту. | 1 | 11.09 |
| 6 | Керуен (таза ауада) | -ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру,коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту. | 1 | 13.09 |
| 7 | Бадминтон, футбол. | -спорттық іс-әрекеттерге деген қызығушылығы мен олардың денсаулық үшін маңыздылығын саналы түсіну, ұйымдасқандық,мақсаттарына жете білу қасиеттерін қалыптастыру. | 1 | 15.09 |
| 8 | Күзгі орманда. | -қозғалыс мәнерлігін,ырғақтылығын дамыту;<br>азаматтық және экологиялық мәдениеттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік жасау. | 1 | 18.09 |
| 9 | Ұлттық ойындар (таза ауада) | -ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру,коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту. | 1 | 20.09 |
| 10 | Қалай спортшы болуға болады? | -ептілік,өз-өзін бақылай алу дағдыларын дамыту;спортқа деген ынталарын,салауатты өмір сүруге жақсы әдеттерін тәрбиелеу. | 1 | 22.09 |
| 11 | Менің сүйікті жануарларым. | -экологиялық мәдениетке,ұйымшылдыққа,психологиялық жайсыздық тудыратын мінез-құлықтарын тәрбиелеу. | 1 | 25.09 |
| 12 | Дене қабілеттерін дамыту. | -денені дұрыс ұстау дағдыларын бекіту. Допты оң, сол қолымен жерге соғуға жаттықтыру | 1 | 27.09 |
| 13 | Доппен ойнап, көңіліңді көтер! | -допты асыра лақтыру, кедергілерден еңбектеп өту жаттығулары | 1 | 29.09 |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ / ҚАЗАН АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 14 | Біз әртүрліміз. | -кедергілер арасымен еңбектеп өту жүрісімен жүруге, бір-бірінің артынан еңбектеп жүруге, шеңбер бойында қол ұстасып, шашырап және тоқтамай жүгіруге жаттықтыру. Биіктігі 20 см кедергілерден секіріп өту | 1 | 02.10 |
| 15 | Зейінді боламыз. | -денені дұрыс ұстай білу дағдысын қалыптастыру. Түрлі тапсырмаларды орындау арқылы жүру және жүгіру жаттығуларын қайталау. Доппен жаттығулар жасау | 1 | 04.10 |
| 16 | Бірінші бол! | -бір сызық бойына қойылған заттар арасында оң және сол аяқпен секіру. Сапқа тұрып, допты екі қолмен бастан асыра бір – біріне лақтыру | 1 | 06.10 |
| 17 | Командалық эстафеталар(таза ауада) | -гимнастикалық орындық үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. Доппен жасалатын тепе – теңдік сақтау және секіру жаттығулары | 1 | 09.10 |
| 18 | Ерекше сабақтар. | -гимнастикалық орындық үстінде қолды иық пен белге, желке мен басына қойып, жан-жаққа созып, тепе-теңдік сақтап жүруді; кеглилердің арасымен допты басымен итере алға еңбектеуді үйрету. | 1 | 11.10 |
| 19 | Акробат болғым келеді. | -заттар арасымен аттап өту жаттығуларын қайталау. Гимнастикалық орындықтың астымен өтуді үйрету. | 1 | 13.10 |
| 20 | Ақылдылар. | -допты алып жүру (қашықтық 5 м)жаттығуымен таныстыру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттықтыру.<br>-гимнастикалық орындық үстінде аяқтың ұшымен жүріп өту жаттығуын жасауға бейімдеу. Кішкене допты бір және екі қолымен алысқа лақтыруды, көлбеу қойылған тақтай үстімен қолды жан-жаққа соза тура жүруді үйрету. | 1 | 16.10 |
| 21-22 | Бізбен бірге және бізден артық орында. | -балаларға үздіксіз баяу жүгіру, сапта тұрып, допты асыра лақтыру жаттығулары дұрыс жасауды үйрету. Секіру және жүгіру жаттығулары қайталату. | 2 | 18.10<br>19.10 |
| 23 | Біз – болашақ әскерміз! | -заттар арасында кезектестіріп, оң және сол аяқпен секіру | 1 | 23.10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру.<br>-қапшықты төбеге қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өтуге тәрбиелеу. | | |
| 24 | Біздің стадион. | -кедергілер арқылы жүгіруге жаттықтыру.Доппен жасалатын секіру, жүгіру жаттығулары  дұрыс жасай алуға дағдыландыру. | 1 | 24.10 |
| 25 | Менің отбасым.<br>Менің үйім | -еңкіш тақтай үстінде жүруге жаттықтыра<br>тәрбиелеу. Кілем үстінен секіріп өту. Тізерлеп тұрып, допты екі қолмен бастан асыра бір – біріне лақтыру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру.<br>-балаларға жүгіру және секіру жаттығулары алмастыра орындай алуға жаттықтыру. Қар кесегін алысқа лақтыру жаттығулары. | 1 | 27.10 |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**

**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ / ҚАРАША АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 26 | Күшті, батыл және үлкен боламын! | -балаларға ілгері жылжи отырып, аяқтан – аяққа секіруге жаттықтыру.Алақанды соққан соң қағып алған допты екі қолмен жоғары лақтыра алуға тәрбиелеу. Ағаш қадалар арағынан еңбектеп өту жаттығуларын дұрыс орындай алуға жаттықтыру. | 1 | 06.11 |
| 27 | Командалық қимыл қозғалыстарды орындау біліктілігін қалыптастыру(таза ауада) | -қардан тұрғызылған құрылыстар арасынан қатармен жүру, жүгіру жаттығуларын жасауға жаттықтыру.Затқа дейін екі аяқтап секіру, қар кесегін нысанаға дәл лақтыра алуға тәрбиелеу. | 1 | 08.11 |
| 28 | Мерген болғым келеді | -сапқа тұрып, төмен ұстаған екі қолмен допты бір – біріне лақтыру жаттығуын жасай алуға жаттықтыру;<br>-қапшықты арқаға қойып, еңбектеп өту. Қапшықты төбеге қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өтуге тәрбиелеу. | 1 | 10.11 |
| 29 | Әкем, анам және мен! Отбасымызбен бірге жаттығамыз. | -шаңғымен жүру кезінде ырғақтылықты дамыту. Екі аяқпен жасалатын жаттығулар. Жүгіру және қар кесегін нысанаға лақтыру ойын – жаттығулары жасай алуға тәрбиелеу. | 1 | 13.11 |
| 30-31 | Тату-тәтті баламыз. | -балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай жасау. Допты оң және сол қолмен еденгекезекпен ұруды жаттықтыруға жалғастыру. | 2 | 15.11<br>17.11 |
| 32 | Менің көңілді добым. | -доппен орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыру және жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту. Түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге үйрету. Доппен орындалатын қозғалыс түрлеріндегі іскерліктерді дамыту. | 1 | 20.11 |
| 33 | Аулада ойнайтын ойындар (таза ауада) | -баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл-қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау;<br>-түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге жаттықтыруды жалғастыру, допты соға білу шеберліктерін (машықтарын) | 1 | 22.11 |
| | | бекіту. ә) Айналып тұрған арқанның астымен түрлітәсілмен | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | жүгіріп өтуге жаттықтыру;<br>-айналып тұрған арқан астымен шапшаң өтіпкету сапасын дамыту. | | |
| 34 | Асықпен ойналатын ойындар. | -малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, онықайтадан қағып алуға үйрету;<br>-гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру.<br>-көзмөлшерлеуін, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларындамыту. | 1 | 24.11 |
| 35 | Хоккей ойнаймыз! (таза ауада) | -қимыл әрекеттің дұрыс басталуының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуге, шайбаны ілгері бағытта ұшыруға үйрету.<br>-жұпта қасына қарай аттау арқылы қозғала отырып заттарды орнынан басқа жерге апаруға, қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруге, түсетін күшті мөлшерлеп бөлуге жаттықтыру. | 1 | 27.11 |
| 36-37 | Керуен. | -әртүрлі бағытта бір аяқпен секіре білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, табанның алдыңғы жағымен таянып итерілулерін бекіту.<br>-өкшемен отырып, ұсақ заттарды (тастарды) лақтырып, | 2 | 29.11<br>01.12 |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ / ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 38 | Ержүрек құмырсқалар. | -нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастырудыжалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау.<br>-гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеу. Бір орында тұрып биіктікке түрлі тәсілдермен секіруге (30 см) үйрету. Гимнастикалық қабырғадаәртүрлі тәсілмен өрмелеуге жаттықтыру. | 1 | 04.12 |
| 39 | Мультфильмдер әлемі. | -екі жақтан бір-біріне қарама-қарсы келіп, орындық ортасынан кері бұрылып қайтуды бекіту. Шұңқырға секіру: 30 см биік заттың үстінен белгіленген жергедәл секіріп түсулерін бекіту. | 1 | 06.12 |
| 40-41 | Шаңғымен жүру<br>(таза ауада) | -балаларды шаңғымен жүрумен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйрету;<br>-дене қимыл жаттығуларын төзімділік пен жаттыққандықты арттыру үшін біртіндеп көбейте отырып орындауға дағдыландыру. | 2 | 08.12<br>11.12 |
| 42 | Біздің айналамыздағы әлем. | -гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру, қолмен аяқ қозғалысын үйлесімді қозғау қабілеттерін жетілдіру. Шынтақтарын бүгіп,қысқа адыммен және бірқалыпты ырғақпен жүгіру шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру. Еркін бағытта фитболдарды (доптарды) домалатуға жаттықтыру. | 1 | 13.12 |
| 43-44 | Африкаға саяхат. | -гимнастикалық орындық үстінде бір бүйірмен жүруді; бір бүйірмен аяқты аяққа тигізіп жүруді, гимнастикалық қабырғада өрмелеуді үйрету. | 2 | 15.12<br>19.12 |
| 45 | Құрлықтар бойынша саяхат. | -балаларды тоқтамай жүгіруге, коньки, шаңғы тебушінің қимылын келтіріп, кең адымдап сырғанап жүруге жаттықтыру. Допты алып жүру (қашықтық 5 м)жаттығуымен таныстыру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне | 1 | 20.12 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттықтыру | | |
| 46-47 | Байқоңыр. | -еңкіш тақтай үстімен тепе-теңдік сақтап жүруге, заттардың үстімен екі аяқтап секіруге, секіртпемен еркін секіруге үйрету. | 2 | 22.12<br>25.12 |
| 48 | Шаңғымен жүру(таза ауада) | -шаңғы жолымен сырғу арқылы жүру жаттығуларын жасауға дағдыландыру. Таудан түсу және оған көтерілу үлгісі бойынша жаттығулар жасату.. Шайбаны бір – біріне лақтыру және мұз жолымен сырғу жаттығулары | 1 | 27.12 |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ / ҚАҢТАР АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 49 | Ғарышқа саяхат. | -сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету. Бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу, кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденгеқырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру. | 1 | 08.01.24 |
| 50-51 | Жыл мезгілдеріне саяхат (таза ауада) | -бір орында тұрып ұзындыққа (60 см) секіру жаттығуларын жасату.Үлкен адыммен «алақан» бейнеленген суреттерді басып еңбектеуге, «аяқтың ізі» ұзындыққа секіруді үйрету. | 2 | 10.01<br>12.01 |
| 52 | Жігіттер сайысы. | -балаларға дене қимыл жаттығулары арқылы жаттығуларды дұрыс жасауға дағдыландыру. Жүгіру және секіру ойын – жаттығуларын дамыту. | 1 | 15.01 |
| 53-54 | Ұлы есімдер. | -балаларға қапшықты иық тұсынан лақтыру жаттығуларымен таныстыру.Бір қатарға қойылған ағаштардың арасымен аяқтың ұшымен, өкшемен алма-кезек секіруге, жетекшінің белгісі бойынша бұрылуға, жүруге жаттықтыру.Еліміздегі атақты спортшылардың еңбегін<br>құрметтй білуге тәрбиелеу. | 2 | 17.01<br>19.01 |
| 55 | Желаяқтар. | -жетекшінің белгісі бойынша жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыруға, алға жүріп келе жатып бір-біріне доп лақтыруға жаттықтыру. | 1 | 22.01 |
| 56 | «Батырлар» (айналмалы жаттығуларды қолдану). | -қолды төбеге қойып гимнастикалық орындық үстінен жүруді, жоғары ілулі тұрған шарға, затқа секіріп қол жеткізуді, биіктікте жүруді үйрету. | 1 | 24.01 |
| 57-58 | Мерген. | -шапшаңдықпен жүруге,секіруге заттарға денесін тигізбей еңбектеугежаттықтыру. Жүгіріп келіп биіктікке секіруді үйрету. | 2 | 26.01<br>29.01 |
| 59 | Аңшылар. | -еденде созылып жатқан арқан үстімен жүруге, көлбеу қойылған тақтай үстімен жүріп келіп, келесі тақтайға ауысуға жаттықтыру. | 1 | 31.01 |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ / АҚПАН АЙЫ/**

| **Р/с №** | **ҰІӘ-нің тақырыбы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** | **Сағат саны** | **Өту мерзімі** |
|---|---|---|---|---|
| 60 | Қыстаудағы ойындар. | -гимнастикалық орындық үстінде қолды жоғары көтеріп, шайбаны хоккей таяғымен кішкентай қақпадан өткізуді үйрету. | 1 | 02.02 |
| 61 | Желді қуып жет!<br>(таза ауада) | -екі аяқпен алға секіріп жүруді;Екі аяқпен теп-теңдікті сақтап секіруді үйрету. | 1 | 12.02 |
| 62 | Жайлаудағы ойындар. | -қабырғаға допты соғып, одан ыршыған допты жерге түсірмей қағып алуды, заттар арасымен үздіксіз жүруді. Доппен жасалатын жаттығуларды үйрету. | 1 | 14.02 |
| 63 | Арқанмен ойнау шынықтырады. | -арқанмен жасалатын дене қимылдарын жасай білуге дағдыландыру.Белгілі бір белгіге көтерілген арқанның астынан қте білуге тәрбиелеу. | 1 | 16.02 |
| 64-65 | Өз бетімізбен жаттығамыз. | -балаларды қашықтыққа жүріспен кезектестіре отырып жүгіру жаттығуларымен таныстыру. | 2 | 19.02<br>21.02 |
| 66-67 | Жан-жағыңа жылулық сыйла! | -сақинаны нысанаға дәл тигізіп лақтыруды; орындық, доға астынан еңбектеп өтуді; гимнастикалық орындықта отырып, башпайларды бүгіп-жазып, жаттығу орындауды үйрету. | 2 | 23.02<br>26.02 |
| 68 | Мұздағы ойын. | -денені түзу ұстап, тізені жоғары көтере еркін жүруге, жүгіруге, тізе мен санды жоғары көтеріп, ырғақпен жүруге; зал ішінде бір-біріне доп лақтырып жүгіруге жаттықтыру. | 1 | 28.02 |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ / НАУРЫЗ АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 69 | Спорт түрлері. | -қабырғаға допты соғып, одан ыршыған допты жерге түсірмей қағып алуды, заттар арасымен еңбектеуді, гимнастикалық орындықтың астымен өтуді үйрету. | 1 | 01.03 |
| 70-71 | Жаттығу – жеңіс кепілі!. Айналмалы жаттығулар. | -жүру мен жүгіруді алмастыра отырып,эстафеталық жарыс ұйымдастыру. | 2 | 04.03<br>06.03 |
| 72 | Стадион (таза ауада) | -балаларға бір орнында тұрып секіру жаттығуларымен таныстыру.Қауіпсіз ережелерді сақтай білуге тәрбиелеу. | 1 | 07.03 |
| 73 | Бір, екі, үш, балалар алды күш! | -үздіксіз жүру,секіру жаттығуларымен таныстыра отырып,дене қимылдарын дұрыс жасауға бейімдеу. | 1 | 11.03 |
| 74 | «Қазақстан Республикасы халықтарының ойындары (таза ауада) | -гимнастикалық орындық үстінен аяқтың ұшымен жүріп өту жаттығуларын дұрыс жасай алуға тәрбиелеу.Оң және сол қолымен нысанаға дәл лақтыруға жаттықтыру. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. | 1 | 13.03 |
| 75 | Волейболшының жаттығуы. | -жер бауырлап еңбектеуге, жетекшінің белгісі бойынша жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыруға, алға жүріп келе жатып бір-біріне доп лақтыруға жаттықтыру. | 1 | 15.03 |
| 76 | Ойна, ойна, доптан айырылып қалма! | -гимнастикалық қабырғаның басына дейін бір әдіспен өрмелеу, одан келесі арқалыққа өтіп, төмен түсу жаттығуларын дұрыс жасай алуға бейімдеу. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. | 1 | 18.03 |
| 77 | Футбол ойнаймыз<br>(таза ауада) | -доппен жасалатын қимылдарды дұрыс жасай білуге жаттықтыру.Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. Жаттығу денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіру. | 1 | 20.03 |

# 2023 - 2024 оқу жылына арналған
# ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
## ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ / СӘУІР АЙЫ/

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 78-79 | Волейбол алаңында жаттығу. | -еңкіш тақтай үстімен жүру. Ілгері жылжи отырып, аяқтан – аяққа секіру (қашықтық 4 м) жаттығуларын орындату. | 2 | 01.04<br>03.04 |
| 80 | Менің достарымның ойыны. | -балаларға тізені жоғары көтеріп жүгіру, 1,5 минутқа дейін үздіксіз жүгіру жаттығуларын жасай алуға жаттығтыру.Ойындағы қауіпсіздік ережерді сақтай білуге тәрбиелеу. | 1 | 05.04 |
| 81 | Қазақ халқының ұлттық ойындары.<br>(таза ауада) | -шығыршық арқылы жұптасып өтуді, еденге қатарынан төселген бірнеше тақтайшалар үстінен секіруді; еденге қолды тигізбей доға астынан тура, бір бүйірмен өтуді үйрету;<br>-ұлттық ойындарды қызығушылықпен ойнай білуге тәрбиелеу. | 1 | 08.04 |
| 82-83 | Ойын ойнап өсеміз. | -допты қабырғаға соғып, қол шапалақтап, ыршыған допты қағып алуды; түзу сызық бойынша оң аяқпен секіруді; айналып тұрған секіртпе астынан жүгіріп өтуді үйрету. | 2 | 10.04<br>12.04 |
| 84 | Аңшылар. | -тік нысынаға заттарды лақтырып,тура ортасына тигізе білуге жаттықтыру.Тепе-теңдікті сақтай білуге тәрбиелеу. | 1 | 15.04 |
| 85 | Өрмелеп үйренеміз. | -гимнастикалық қабырғаға өрмелей білу жаттығуларын жалғастыру.Баумен жүру ережелерін тиянақты орындай білуге тәрбиелеу. | 1 | 17.04 |
| 86 | Көшбасшы бол. | -себетке доп лақтыру жаттығуларын жасай білу;<br>-жүру, жүгіру жаттығуларын дұрыс орындай білуді нақтылау. | 1 | 19.04 |
| 87-88 | Шабандоздар. | -бала ағзасының барлық жүйелерін жарыс қимылдарын (эстафеталарды) орындау арқылы жаттықтыру;<br>-қимыл әрекеттердің өз бетіменеркін орындалуын жалғастыру.<br>-тік қойылған баспалдаққа сатылар арасымен өрмелеуге жаттығу. Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруін дамыту. | 2 | 22.04<br>24.04 |
| 89-90 | Спортпен шұғылданамыз! | -оң қол және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолдарын алдымен төмен қарай айналдырып, сосын артқа толық | 2 | 26.04<br>29.04 |
| | | жазылғанша сермеп лақтыруға дағдыландыру;<br>-аяқты өкшеден бастап, аяқ басына қарай басып, | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | жылдамдықты сақтап, баяу жүгіруге жаттығуды жалғастыру. | | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ / МАМЫР АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 91 | Секіртпе – супертренажер. | -қозғалыс ортасын байыту арқылы балалардың даму, сауығуынажағдай жасау, жұмыс тәртібін ұстану мен қарым-қатынасқа түсе білу қабілеттерінің қалыптасуына көмектесу (топпен жұмыс, жұппен жұмыс);<br>-50-40-30 см көтеріліп керілген секіртпенің астымен өтуде жақсы нәтижеге жету үшін ең тиімді тәсілдерді таңдай білу. | 1 | 06.05 |
| 92-93 | Көтеріңкі көңіл күй. | -допты жоғары лақтырып, жерге түсіп қайта ұшқан кезде екі қолмен қағып алуға, допты алақанын жазып, саусақтарының басымен қағыпалуға үйретуді жалғастыру;<br>-аяқ-қолын жинап, жұмырланып отырып алдыға-артқа домалауды бекіту. | 2 | 08.05<br>10.05 |
| 94-95 | Өз денемізді өзіміз басқарамыз! | -мидың табиғи механизмдерінің жұмысын белсендендіруге, зейіндерін тұрақтандыруға ықпал ету. Қысқа секіртпеден секіруге жаттығa түсу.Қол басының айнала қозғалуы мен аяқтың тігінен қозғалуын жалғастыру.;<br>-доптылақтыру мен жерге соғылған соң арт жақтан шапалақ ұрып қағып алу, допты қаққанда алақанын жазып, саусақ басымен қағу, бұралаңдап жерге қойылған бауды басып, тепе-теңдік сақтау дағдыларын арттыру. | 2 | 13.05<br>15.05 |
| 96-97 | Тату бола білеміз! | -жаттығуларды ұжымдықпен жасай білуге тәрбиелеу.Ойындардың ережелерін сақтай отырып, ойнай білуге жаттықтыру. | 2 | 17.05<br>20.05 |
| 98-99 | Біз оқушы боламыз! | -жыл бойы жасап үйренген жаттығуларды ұқыптылықпен,шапшаңдылықпен орындай білуді қалыптастыру. Дене жаттығуларын үнемі орындай білуге тәрбиелеу. | 2 | 22.05<br>24.05 |
| **Барлығы: 99 сағат** | | | | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / ЖЫЛДЫҚ АЙЫ/**

**Білім беру ұйымы: «IT мектеп-лицей»КММ**
**Топ/сынып:**Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:**5-6жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** қыркүйек айы 2023-2024 оқу жылы
***Апталық жүктеме 2 сағат, жылдық жүктеме 66 сағат.***
***Алматы «Алматыкітап баспасы» 2022 ж.***

**Мақсаты:** тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру.
**Міндеттері:**

ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;

коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;

түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;

балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;

балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;

әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.

**Сөйлеуді дамыту:**

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті

Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.

Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.

Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.

Сөздік қор

Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.

Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.

Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдану білуді дамыту.

Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.

Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «асар», «сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.

Тілдің грамматикалық құрылымы

Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.

Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру;

Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Байланыстырып сөйлеу

Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.

Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.

Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.

Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.

**Күтілетін нәтижелер:**

- ана тіліндегі барлық дауысты дыбыстарды анық айта алады;
- сөздегі дыбыстардың орнын анықтайды;
- айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды анық айтады;
- артикуляциялық жаттығуларды жасауға қызығушылық танытады;
- сөздерге дыбыстық талдау жасай алады;
- сөйлегенде затесімдерді, сын есімдерді, үстеулерді, көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолданады;
- зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен байланыстырып айтады;
- хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді қолданады;
- құрдастарымен өзбетінше қарым-қатынас жасай алады;
- әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қояды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап береді;
- негізгі ойды дұрыс тұжырымдайды;
- әңгімелерді бірізді айтып береді;
- ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығарады;
- бақылаулар мен сюжеттік суреттер бойынша әңгімелер құрастырады;
- әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті, әдепті ұстайды.

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Кел, танысайық! (Балабақшадағы,мектептегі алғашқы күн) | -балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету;<br>-мазмұнды жалғастыру арқылы ой-қиялдарын дамыту;баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| 2 | Менің досым. | -суретке қарап әңгіме құраудыүйрету, баланың, сөздік қорын байыту;<br>-бала бойындағы досына деген сенімділігіндамыту; -достыққа деген адалдыққа, сенімділікке тәрбиелеу. | 1 | |
| 3 | Менің сүйікті ойыншығым. | -ойыншықтардың суретінеқарап, әңгіме құрай білуге үйрету;<br>-сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулеріндамыту;<br>-ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу. | 1 | |
| 4 | Күз бояуы. | -балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту,күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу;<br>-өлең тыңдау арқылы әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту;күздің жомарт,мырза екенін айтып,мейірбандыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| 5 | Менің атам. | -ертегіні соңына дейінтыңдауға үйрету;<br>-балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздікқорларын дамыту;<br>-баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| 6-7 | Қорыққанға қос көрінеді (ертегі) | -ертегіні соңына дейінтыңдауға үйрету;<br>-балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздікқорларын дамыту;<br>-баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу. | 2 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**

**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / ҚАЗАН АЙЫ/**

| **Р/с** | **ҰІӘ-нің тақырыбы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** | **Сағат саны** | **Өту мерзімі** |
|---|---|---|---|---|
| 8-9 | Отбасының күзгі еңбегі. | -отбасының күзгі бақшадағыеңбектері жайлы әңгімелесу;<br>-отбасының еңбегі туралы шығармашылықәңгіме құрауға үйрету;<br>-балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту; балаларды еңбек етуге тәрбиелеу. | 2 | |
| 10-11 | Күзгі жапырақтар. | -балалардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру;<br>-Қ. Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуға үйрету. Сұрақтарғажауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту;<br>-балаларды еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу. | 2 | |
| 12 | Шаштараз.(Өлең) | -балалардың ойлау қабілетін дамыту;<br>-балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| 13 | Ең тәтті дүние.(Ертегі) | -әңгіме мазмұнын толық айтуарқылы сөздік қорларын дамыту;<br>-дауыссыз дыбыстарды ажырата білудағдыларын дамыту;<br>-хайуанаттарды жақсы көруге тәрбиелеу. | 1 | |
| 14-15 | Әжесін қайсысы жақсы көреді? (Әңгіме) | -балаларды әңгімені толық тыңдап, мазмұнын айтуға үйрету;<br>-мақал-мәтел, жаңылтпаш жаттату арқылы сөздік қорларын дамыту;<br>-отбасындағы үлкен кісілерді құрметтеп, сыйлауға тәрбиелеу. | 2 | |
| 16-17 | Қысқа дайындық (ертегі) | -әңгіме мазмұнын өз сөзіменжеткізе білуге, сюжеттік суреттер бойыншаәңгіме құрауға үйрету;<br>-дыбыстарды түріне қарай ажырата алу дағдыларын дамыту;<br>-еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | 2 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / ҚАРАША АЙЫ/**

| Р/с | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 18-19 | Алғашқы қар. | -дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу;<br>-балалардың ойлау қабілетін және тілін дамыту;<br>-туған табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу. | 2 | |
| 20-21 | Менің Отаным.(Өлең) | -тақырыпқа байланыстыәңгіме құрай білуге үйрету;<br>-дауыс ырғағына қарай сөйлемдерді ажырата білу іскерлігін дамыту;<br>-Туған өлке, Отанды сүюге баулу. | 2 | |
| 22-23 | Қыс. (Өлең) | -кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтармен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу;<br>-мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету;<br>балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту;<br>-еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| 24 | Ажарлы қыс. (Өлең) | -«Ажарлы қыс» үлгі суретібойынша әңгіме құрауға үйрету;<br>-әртүрлі ойын арқылы, балалардың қимыл-қозғалысын дамыту;<br>-балаларды бірігіп ойнауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | 1 | |

# 2023 - 2024 оқу жылына арналған
# ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
## СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ/

| Р/с | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 25-26 | Біз де ойнаймыз.(Ертегі) | -балаларды бірігіп ойнауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Әңгімемен таныстырып,мазмұнын айтуға үйрету;<br>-ой-өрісін кеңейту, есте сақтау қабілетін дамыту;<br>-туған жердің табиғатына қамқор бола білуге тәрбиелеу. | 2 | |
| 27-28 | Ақсақ құлан.(Аңызы) | -«Ақсақ құлан»аңызынмазмұны бойынша әңгімелету;<br>-балалардың тілдік қорларын байыту,аңшылық туралы ұғымдарын кеңейту;<br>-хайуанаттарға қастық жасамауға тәрбиелеу. | 2 | |
| 29-30 | Су торғайы.(Әңгіме) | -әңгімені оқып, сұраққа жауапберуге үйрету;<br>-құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айтабілуін дамыту;<br>-құстарға қамқорлық жасау мен қорғауға тәрбиелеу. | 2 | |
| 31-32 | Қыс қызықтары. | -қыс белгілері жайлыәңгімелесу;<br>-балалардың қыс мезгілі жайлы білімдерін дамыту;<br>-табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу. | 3 | |
| 33-34 | Қаңтар.(Өлең) | -өлең арқылы көлік түрлерініңмаңызын түсіндіру;<br>-есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыту;<br>-еңбекүйгіштікке тәрбиелеу. | 2 | |
| 35-36 | Кеме (Өлең) | -өлең арқылы көлік түрлерініңмаңызын түсіндіру;<br>-есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыту;<br>-еңбекүйгіштікке тәрбиелеу. | 2 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / ҚАҢТАР АЙЫ/**

| Р/с | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 37-38 | Кім ақылды? (әңгіме) | -сөздерді буынға бөлуді үйрету;<br>-сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту; | 2 | |
| 39-40 | Мамандықтың бәрі жақсы. | -мамандықтар жайлы әңгіме жүргізу арқылы сөздік қорларын толықтыру.;<br>-ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту;<br>-мамандық иелерін құрметтеуге тәрбиелеу. | 2 | |
| 41-42 | Менің анам. | -ана туралы өз ойларынайтқызу;<br>-ойлау қабілеті мен тілдерін дамыту;<br>-ананы сыйлап, аялай білуге тәрбиелеу. | 2 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / АҚПАН АЙЫ/**

| Р/с | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 43-44 | «Күшік пен мысық»ертегісі. | -көркем шығармаларды сахналауға үйрету.<br>-балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттерін дамыту;<br>-үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу. | 2 | |
| 45-46 | Наурыз –көктем мерекесі. | -Наурыз мерекесі туралытүсінік беру;<br>-балалардың ойлау қабілетін дамыту;<br>-салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. | 2 | |
| 47-48 | «Қасқыр мен түлкі» ертегісі. | -ертегіні мазмұны бойынша әңгімелету;<br>-бала бойындағы шешендік қасиетті, сөздік қорларын дамыту;<br>-балаларды ұқыптылыққа, батылдылыққа тәрбиелеу. | 2 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / НАУРЫЗ АЙЫ/**

| **Р/с** | **ҰІӘ-нің тақырыбы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** | **Сағат саны** | **Өту мерзімі** |
|---|---|---|---|---|
| 49-50 | Жайлауда. | -балаларға жайлау өлеңініңмазмұнын түсіндіру;<br>-балалардың сөздік қорын дамыту;<br>-балаларды үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу. | 2 | |
| 51-52 | Мен ғарышкер боламын. | -дыбыстарды дұрысдыбыстауға үйрету;<br>-ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту. | 2 | |
| 53-54 | Өрмекші, құмырсқажәне қарлығаш. | -«Өрмекші, құмырсқа жәнеқарлығаш» әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету;<br>-әңгімені тыңдата отырып, бала қиялын дамыту.<br>-балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | 2 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / СӘУІР АЙЫ/**

| Р/с | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 55-56 | Маңдай тер. | -сөйлем түрлері бойыншаалған білімдерін пысықтау;<br>-әңгімеге тақырып қоя білуге үйрету;<br>-үлкендерді сыйлауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | 2 | |
| 57-58 | Күн, Ай және Қораз. | -ертегі мазмұнын түсініктітүрде мазмұндай білуге жаттықтыру;<br>-сөздердің дыбыстардан жасалатынын естеріне түсіру;<br>-достықты бағалай білуге тәрбиелеу. | 2 | |
| 59-60 | «Түлкі мен Қоян» ертегісі. | -ертегі мазмұнын түсініктітүрде мазмұндай білуге жаттықтыру.<br>-баланың сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту.<br>-балаларды батырлыққа, өжеттілікке тәрбиелеу. | 2 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**

**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ / МАМЫР АЙЫ/**

| Р/с | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 61-62 | «Түлкі мен Қоян» ертегісі. | -ертегі мазмұнын түсініктітүрде мазмұндай білуге жаттықтыру.<br>-баланың сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту.<br>-балаларды батырлыққа, өжеттілікке тәрбиелеу. | 2 | |
| 63-64 | Жаздың кезі көңілді | -«Жаздың кезі көңілді»тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастырту.<br>-сұрақтарға жауап беру арқылы сөздік қорларын толықтыру. | 2 | |
| 65-66 | Асфальттағы суреттер. | -өлең мазмұнымен таныстырып, өлең шумақтарын жаттату;<br>-балалардың сөйлеу тілдерін дамыту. Табиғатты, жабайы аңдарды қорғауғатәрбиелеу. | 2 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / ЖЫЛДЫҚ /**

**Білім беру ұйымы: «ІТ мектеп-лицей»КММ**
**Топ/сынып:**Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:**5-6жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** қыркүйек айы 2023-2024 оқу жылы
***Апталық жүктеме 2 сағат, жылдық жүктеме 66 сағат.***
***Алматы «Алматыкітап баспасы» 2022 ж.***
**Мақсаты:** тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру.
**Міндеттері:**

ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;

коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;

түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;

балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;

балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;

әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.

**Көркем әдебиет:**

Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.

Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.

Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.

Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.

Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару.

Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.

Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.

Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.

**Күтілетін нәтижелер:**

- шығармалардың мазмұнын эмоциямен қабылдайды;
- себеп-салдарлық байланыстарды, әдеби жанрларды ажыратады;
- өлеңдерді мәнерлеп, интонациямен жатқа айтады;
- мазмұнның бірізділігін сақтай отырып, шығарма мазмұнын қайталап айтады;
- кітаптарға қызығушылық танытады;
- кейіпкердің ерекшеліктерін жеткізу үшін мәнерлілік құралдарын қолданады;
- кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіреді;
- көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналауға қатысады;
- рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын береді;
- қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі, дербес орындайды;
- түрлі дереккөздерден алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөліседі;
- айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіреді;
- сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолданады.

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ/**

| **Р/с №** | **ҰІӘ-нің тақырыбы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** | **Сағат саны** | **Өту мерзімі** |
|---|---|---|---|---|
| 1-2 | Білімің – бұлағың. (өлеңмен танысу)<br>Ақылбек Шаяхметов | -өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету;<br>-өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлеп оқу, мазмұнымен таныстыру;<br>-әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсініктерін дамыту;<br>-балабақша және мектеп қызметкерлерінің еңбегін бағалауға тәрбиелеу. | 2 | |
| 3-4 | Кішкентай бағбан. (әңгімелеу)<br>Мәдіхат Төрежанов | -әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді теңеулерді қолдану, көңіл күймен азмұндауға үйрету;<br>-әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру, сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және ойлау<br>қабілеттерін дамыту;<br>-әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап, мазмұндауға еңбекті бағалауға тәрбиелеу. | 2 | |
| 5-6 | Шаруа мен аю(орыс халық ертегісі) | -ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға үйрету;<br>-ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту;<br>-ертегі арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | 2 | |
| 7-8 | Шаруа мен аю(орыс халық ертегісі)саханалау. | ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға үйрету;<br>-ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту;<br>-ертегі арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | 2 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / ҚАЗАН АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 9-10 | Мақтақыз бен мысық(қазақ халық ертегісі) | -ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға,баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегінібаяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету;<br>-ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және ойлау орта, қабілеттерін дамыту;<br>-адал дос болуға тәрбиелеу. | 2 | |
| 11-12-13 | Мақтақыз бен мысық (қазақ халық ертегісі)саханалау. | -ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға,баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегінібаяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету;<br>-ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және ойлау орта, қабілеттерін дамыту;<br>-адал дос болуға тәрбиелеу. | 3 | |
| 14-15 | Әдептілік әлемі(өлең оқу) Ермек Өтетілеуұлы | -өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқу, өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету;<br>-сурет бойынша әңгіме құрастыртуда сюжеттің бірізділігін сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. | 2 | |
| 16-17 | Әдептілік әлемі(өлең оқу) Ермек Өтетілеуұлы | -өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқу, өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету;<br>-сурет бойынша әңгіме құрастыртуда сюжеттің бірізділігін сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. | 2 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / ҚАРАША АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 18-19 | Тәуелсіз Қазақстан.(өлеңмен таныстыру)<br>Оразақын Асқар | -өлең мазмұнына деген қатынасын беруге тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету;<br>-«Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясына негізделген рухани-адамгершілік жалпы адамзаттық құндылықтарды, патриоттық тәрбие арқылы туған жерге деген сүйіспеншіік сезімдерін дамыту. | 2 | |
| **20-21** | Мысық, әтеш және түлкі.(ертегі) | -ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға, ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету;<br>-ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау, қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және өзара жағымды қарым-қатынасын дамыту;<br>-жағымды әдеттерді бағалай білуге тәрбиелеу. | 2 | |
| **22-23-24** | Мысық, әтеш және түлкі.(ертегі) сахналау. | -ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға, ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету;<br>-ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау, қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және өзара жағымды қарым-қатынасын дамыту;<br>-жағымды әдеттерді бағалай білуге тәрбиелеу. | 3 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 25-26 | Жаңа жыл келді. (өлеңді жаттау)<br>Сағи Жиенбаев | -өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету;<br>-балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге баулу және өзара қарым-қатынасын дамыту;<br>-ұйымшылдыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| 27-28 | Жаңа жыл келді.(өлеңді жаттау)<br>Сағи Жиенбаев | -өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету;<br>-балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге баулу және өзара қарым-қатынасын дамыту;<br>-ұйымшылдыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| 29-30 | Жақсы мен жаман.(өлеңді жаттау)<br>Рақым Тышқанбаев | -өлеңді мәнерлей оқи отырып,логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету;<br>-сурет бойынша әңгіме құрастыруда эмоциялық-бейнелік мазмұнды баяндау суреттегі кейіпкерлерді атау, оларға сипаттама беру;<br>-сюжет бойынша шығармашылықпен әңгімелеуде эпитеттерді,теңеулерді қолдану, ойлау қабілеттерін дамыту. | 2 | |
| 31-32 | Жақсы мен жаман.(өлеңді жаттау) қайталау.<br>Рақым Тышқанбаев | -өлеңді мәнерлей оқи отырып,логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету;<br>-сурет бойынша әңгіме құрастыруда эмоциялық-бейнелік мазмұнды баяндау суреттегі кейіпкерлерді атау, оларға сипаттама беру;<br>-сюжет бойынша шығармашылықпен әңгімелеуде эпитеттерді,теңеулерді қолдану, ойлау қабілеттерін дамыту. | 2 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / ҚАҢТАР АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 33-34 | Бір уыс мақта. (әңгіме) Ыбырай Алтынсарин | -әңгімені эмоциялық-бейнелік мазмұндап, баяндауға баулу;<br>-әңгімені жалғастырып, сюжет бойынша құрастыруға, қисынды мазмұндауға үйрету;<br>-әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру;<br>-сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін, еңбек дағдыларын дамыту;<br>-еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | 2 | |
| 35-36 | Бір уыс мақта. (әңгіме кейіпкерлерімен танысу) Ыбырай Алтынсарин | -әңгімені эмоциялық-бейнелік мазмұндап, баяндауға баулу;<br>-әңгімені жалғастырып, сюжет бойынша құрастыруға, қисынды мазмұндауға үйрету;<br>-әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру;<br>-сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін, еңбек дағдыларын дамыту;<br>-еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | 2 | |
| 37-38 | Әже(өлеңді жаттау)Әбубәкір Қайранов | -өлең мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау, баяндау сипатын сезінуге баулу;<br>-өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету;<br>-өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану, өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. | 2 | |
| 39-40 | Әже(өлеңді жаттау)Әбубәкір Қайранов | -өлең мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау, баяндау сипатын сезінуге баулу;<br>-өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету;<br>-өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану, өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. | 2 | |

# 2023 - 2024 оқу жылына арналған
# ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
# КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / АҚПАН АЙЫ/

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 41-42 | Әз, Наурызым, армысың .(өлеңді жаттау)<br>ОразақынАсқар | -өлеңді тірек сызба бойынша мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттату;<br>-сюжеттік бірізділікті сақтау, эмоциялық көңіл күймен жатқа айтуға үйрету;<br>-әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары, табиғат туралы түсінігін ұлттық дәстүрге деген қызығушылығын дамыту;<br>-ұлттықдәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. | 2 | |
| 43-44 | Әз,Наурызым,армысың(өлеңдіжаттау) қайталау.Оразақын Асқар | -өлеңді тірек сызба бойынша мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттату;<br>-сюжеттік бірізділікті сақтау, эмоциялық көңіл күймен жатқа айтуға үйрету;<br>-әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары, табиғат туралы түсінігін ұлттық дәстүрге деген қызығушылығын дамыту;<br>-ұлттықдәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. | 2 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / НАУРЫЗ АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 45-46 | Үш қыз .(татар халық ертегісі) | -ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдауға, баяндауға баулу;<br>-ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау,қолдануға үйрету. | 2 | |
| 47-48 | Үш қыз .(татар халық ертегісі)баяндау. | -ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдауға, баяндауға баулу;<br>-ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау,қолдануға үйрету. | 2 | |
| 49-50 | Мен ғарышкер боламын (өлеңді жаттау) Жақан Смақов | -өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен,<br>көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету;<br>-балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге, өзара қарым-қатынасын дамыту. | 2 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / СӘУІР АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 51-52 | Мен ғарышкер боламын (өлеңді жатқа айтуға үйрету) Жақан Смақов | -өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету;<br>-балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге, өзара қарым-қатынасын дамыту. | 2 | |
| 53-54 | Достық мерекесі (өлеңді жаттау)СерікбайОспанов | -өлеңді дауыс ырғағымен, мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттату;<br>-өлең мазмұнын эмоциялық көңіл күймен айтуға үйрету;<br>-сурет бойынша әңгіме құрастыруда сюжеттің бірізділігін сақтау және өзара сыйластық қарым-қатынасын дамыту. | 2 | |
| 55-56 | Достық мерекесі (өлеңді көңіл күймен айтуға үйрету)Серікбай Оспанов | -өлеңді дауыс ырғағымен, мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттату;<br>-өлең мазмұнын эмоциялық көңіл күймен айтуға үйрету;<br>-сурет бойынша әңгіме құрастыруда сюжеттің бірізділігін сақтау және өзара сыйластық қарым-қатынасын дамыту. | 2 | |
| 57-58 | Жеңіс күні (өлеңді жаттау)Қайрат Жұмағалиев | -өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету.;<br>-өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге айналасына жағымды қарым-қатынас жасай білу дағдысын дамыту. | 2 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / МАМЫР АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 59-60 | Жеңіс күні (өлеңді жаттау)Қайрат Жұмағалиев | -өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету.;<br>-өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге айналасына жағымды қарым-қатынас жасай білу дағдысын дамыту. | 2 | |
| 61-62 | Бала - біздің болашақ(өлеңді жаттау)<br>Қасым Аманжолов | -өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету.;<br>-өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге айналасына жағымды қарым-қатынас жасай білу дағдысын дамыту. | 2 | |
| 63-64 | Бала - біздің болашақ (өлеңді жаттау)<br>Қасым Аманжолов | -өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету.;<br>-өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге айналасына жағымды қарым-қатынас жасай білу дағдысын дамыту. | 2 | |
| 65-66 | Өс, ұлан! | -өлең мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау, баяндау сипатын сезінуге баулу;<br>-өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету;<br>-өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану, өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. | 2 | |
| **Барлығы: 66 сағат** | | | | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**ҚАЗАҚ ТІЛІ / ЖЫЛДЫҚ /**

**Білім беру ұйымы: «IT мектеп-лицей»КММ**
**Топ/сынып:**Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:**5-6жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** қыркүйек айы 2023-2024 оқу жылы
***Апталық жүктеме 2 сағат, жылдық жүктеме 66 сағат.***
***Алматы «Алматыкітап баспасы» 2022 ж.***
**Мақсаты:** тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру.
**Міндеттері:**

ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;

коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;

түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;

балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;

балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;

әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**КАЗАҚ ТІЛІ / ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Менің мектебім | -мектеп туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініпжәне күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету,диалогкеқатысуға үйрету.<br>-сөздерді сөз тіркесімен айтуға,сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуғадағдыландыру;<br>-білімпаздыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| 2 | Балабақша бөлмелері мен сынып бөлмесімен салыстыру. | -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдердітүсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>-сөздерді сөз тіркесімен айтуға,сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>-тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту. | 1 | |
| 3 | Біздің сынып | -*не? нелер?* сұрақтарына дұрыс жауап беруге жаттықтыру, жаңылтпаш жаттау. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету;<br>-игерген сөздерін қолданып,шағын мәтіндер құрауға дағдыландыру. | 1 | |
| 4 | Біз балабақшада не істейміз? Мектепте не істейміз? | -сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер менсөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету,шағын мәтіндер құрауүйрету;<br>-сөздегі қазақ тіліне тәндыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуғадағдыландыру. | 1 | |
| 5 | Мектеп қызметкерлері | -мектептегі қызметкерлерінің атын білу, қарапайым сұрақтар қою және оларға жай сөйлеммен жауап беруге | 1 | |
| | | үйрету; | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | -сөздерді сөз тіркесімен айтуға,сөйлем құрауға жаттықтыру,қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. | | |
| 6 | Алтын күз | -күз мезгілінің ерекшеліктерінқазақша айтуға үйрету. Қазақ тілінде сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету;<br>-жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету.-қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. | 1 | |
| 7 | Көгөністер | -тақпақты жаттау, көгөністердің қазақша атауларын дұрыс айтып, диалог құруға үйрету,қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлем мен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту;<br>-сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларындамыту. | 1 | |
| 8 | Жемістер | -жаңылтпашты жылдам әрі жатқаайта білуге үйрету;<br>-диалогке қатысуға үйрету;<br>-сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауға дағдыландыру, сөздік қорларынбайыту;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. | 1 | |
| 9 | Жидектер | -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілуге үйрету.<br>Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету.<br>-қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру. | 1 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**ҚАЗАҚ ТІЛІ / ҚАЗАН АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 10 | Ойнайық та ойлайық | -меңгерген сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілуге үйрету;<br>-ойлау қабілеттерін дамыту,сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру;<br>-бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу. | 1 | |
| 11 | Неше? Санау | -санамақтар жаттау, тура және керісанау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздердісөйлемдерде байланыстырып құрауды дағдыландыру;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дикцияны, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту. | 1 | |
| 12 | Апта күндері | -апта күндерінің қазақша атауындұрыс айту, есте сақтауға үйрету;<br>-жаңа сөздердегі қазақ тілінетән дыбыстарды дұрыс айту, сөздік қорларын дамыту.артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту. | 1 | |
| 13 | Менің отбасым | -отбасы мүшелерінің атын қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, тақпақ,мақал-мәтел жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту. | 1 | |
| 14 | Ғажайып алаң | -отбасы мүшелерінің атын қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, | 1 | |
| | | диалогке қатысуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту. | | |
| 15 | Мен және менің достарым | -қазақ тіліндегі сөздері дұрыс айтуғажәне оларды қолдана білуге үйрету, достық туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>-сөздерді сөз тіркесімен айтуға,сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. | 1 | |
| 16 | Мамандықтың бәрі жақсы | -мамандықтардың ерекшелігін түсіндіріп, байланыстырып сөйлеуге, жаңылтпаштар айтуға үйрету;<br>-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдердітүсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. | 1 | |
| 17 | Жақсы өнеге | -сыпайылықты білдіретін сөздерменсөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру;<br>-қарапайым сұрақтарға жай сөйлем мен жауап беру, артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу | 1 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**КАЗАҚ ТІЛІ / ҚАРАША АЙЫ/**

| **Р/с №** | **ҰІӘ-нің тақырыбы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** | **Сағат саны** | **Өту мерзімі** |
|---|---|---|---|---|
| 18 | Менің пәтерім (үйім) | **-**қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілуге үйрету.<br>Неше? нешінші? сұрақтарына жауап беруге жаттықтыру;<br>**-қ**азақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппараттыдамыту. | 1 | |
| 19 | Менің бөлмем | **-**сөздік қорларын жаңа сөздерментолықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға<br>жаттығуды жалғастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойыншашағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру.<br>**-**қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, артикуляциялық моторикасынжаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. | 1 | |
| 20 | Менің Отаным | **-**педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру. Отан туралы тақпақүйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>**-с**өздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем<br>құрай білу дағдыларын жетілдіру.;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға<br>жаттықтыру. | 1 | |
| 21 | Мемлекттік рәміздер.<br>Мемлекеттік Ту | **-**Мемлекеттік Туды сипаттай білугеүйрету, тақпақты жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана<br>білуге үйрету;<br>**-**қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру. | 1 | |
| 22 | Мемлекттік рәміздер. | **-**Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білу үйрету, тақпақты | 1 | |
| | Мемлекеттік Елтаңба | жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер менсөйлемдерді түсініп және | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру. | | |
| 23 | Еліміздің астанасы –Нұр-Сұлтан | -сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тақпақ жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер менсөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларың қалыптастыру;<br>-сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрастыруды дағдыландыру. Қандай? сұрағына жауап беру дағдысын дамыту. | 1 | |
| 24 | «Мың бір мақал, жүзбір жұмбақ, | -сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру; | 1 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**ҚАЗАҚ ТІЛІ / ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 25 | Әсем қала – Алматы | -сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, жаңа сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білудағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>-қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру. | 1 | |
| 26 | Қыс қызығы | -қыс мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету, тақпақ, жаңылтпаш жаттауға және диалогке қатысуға үйрету;<br>-жаңа сөздерде қазақ тіліне тәндыбыстарды дұрыс айту, қоршаған орта жайлы<br>ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қордыбайыту және дамыту. | 1 | |
| 27 | «Қолғап» ертегісі | -сөз тіркестерін, сөйлемдер құрауға, сұрақтарға толық жауап беруге үйрету, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағынкелтіріп айтуды үйрету.<br>-есте сақтау қабілеттерін,балалардың байланыстырып, мәнерлеп сөйлеуін дамыту,сөздік қорларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. | 1 | |
| 28 | «Саяхатшы» ертегісі | -сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс жеткізе білу дағдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініпжәне күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>-сөздік қорларын, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды дамыту.<br>Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. | 1 | |
| 29 | Жаңа Жыл құтты болсын! | -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; | 1 | |
| | | -сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамытуды жалғастыру. | | |
| 30 | Қысқы орманға саяхат | -сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақ қойып, оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту. | 1 | |
| 31 | Менің киімдерім | -сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Киімдерін меншіктеп айта алуға үйрету;<br>-киімдерді жекеше және көпше түрде айта алуға үйрету.<br>-сөздегі қазақ тіліне тәндыбыстарды ажырата алу дағдыларын дамыту.Артикуляциялық аппаратты дамыту. | 1 | |
| 32 | Қысқы киім | -2-3 сөйлеммен затты сипаттай білудағдыларын дамыту. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Тақпақ жаттау үйрету;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтып, игерген сөздерін қолданып, сөйлем құрудағдыларын дамыту. | 1 | |
| 33 | Ұлттық киім | -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Жай сөйлемдер құра білу дағдыларынқалыптастыру. | 1 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**КАЗАҚ ТІЛІ / ҚАҢТАР АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 34 | Дене мүшелерінің атқаратын қызметі | -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақты жатқа айтуға дағдыландыру.<br>Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру;<br>жаңа сөздердегі қазақ тілінетән дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру, тіл мәдениетін дамыту. | 1 | |
| 35 | Тазалықты сүйеміз | -тазалыққа байланысты сөздердіңқазақша атауларын және осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрауға үйрету. Тақпақты жаттау жолдарын үйретіп, жатқа айта білу дағдыларын жетілдіру;<br>жаңа сөздердегі қазақ тілінетән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. | 1 | |
| 36 | Таңертең не істейміз? | -өз іс-әрекеттерін айта алуға үйрету.<br>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Шағын мәтіндер құрауға жаттықтыру;<br>-сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуғадағдыландыру. | 1 | |
| 37 | Ұлттық ыдыстар | -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып,сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту;<br>-жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлемменжауап беруді дағдыландыру. | 1 | |
| 38 | Ыдыс- аяқ дүкені | -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілуге үйрету. Сөздерді сөз | 1 | |
| | | тіркесімен айтуға дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | сипаттай білудағдыларын дамыту;<br>-диалог құрып сөйлеуге дағдыландыру; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрысайтып, анықтай білуге жаттықтыру. | | |
| 39 | Азық-түлік | -сөздік қорларын тағам атауларыменмолайту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініпжәне күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздердібір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру;<br>-ойлау қабілеттерін дамыту,сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. | 1 | |
| 40 | Асханада | -тақпақты зейін қойып тыңдауға, оның ішінен таныс сөздерді табуға жаттықтыру, сөздермен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету; | 1 | |

-ойлау, елестету қабілеттеріндамыту. Қазақ тіліне

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**КАЗАҚ ТІЛІ / АҚПАН АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 41 | Әжемнің базарлығы | -сөздік қорларын жаңа сөздерментолықтыру, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру;<br>қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс, анық айтуға жаттықтыру. | 1 | |
| 42 | Нан қайдан келеді? | -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілуге үйрету;<br>Тақпақты тыңдап, оның ішінен таныс сөздерді таба білу дағдыларын дамыту.;<br>-ойлау қабілеттерін, артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды(і дыбысы) дұрыс айтуға жаттықтыру. | 1 | |
| 43 | Үй жануарлары | -сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру,<br>үй жануарлары мен төлдерін топтай алуға<br>жаттықтыру, мәтінді мұқият тыңдап, оның ішінен таныс сөздерді таба білуге жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>-ойлау қабілеттерін дамыту,сөздегі қазақ тіліне тән **«ұ»** дыбысын дұрыс айтуға<br>дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. | 1 | |
| 44 | «Екі лақ» ертегісі | -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілуге үйрету. Сөздерді байланыстырып сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру, әрбір сөзді анық айтып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге үйрету.<br>-сөздік қорларын дамыту. Сөздердегі қазақ тіліне тән **«қ»** дыбысын дұрыс айтуғадағдыландыру. | 1 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. | | |
| 45 | Аулада | -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып,сөйлем құрауға жаттықтыру. Үй жануарлары туралыалған білімдерін, яғни жаңа сөздерді бекіту.<br>-ойлау, зейін қойып тыңдаусекілді қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Есту және мәтіннен таныс сөздерді таба білу қабілеттерін дамыту. | 1 | |
| 46 | Жабайы жануарлар | -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздік қорларындағы сөздерді белсендіқолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақ қойып, оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру.<br>-жаңылтпаш, ойындар арқылытіл байлықтарын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Тілдік және артикуляциялықаппаратты, тыныс алуды | 1 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**КАЗАҚ ТІЛІ / НАУРЫЗ АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 47 | «Қазақстан барысы»ертегісі | -ертегі арқылы сынын, қимылынбілдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекітілде қолдануды дағдыландыру;<br>-сөздік қорларындағы сөздердібелсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. | 1 | |
| 48 | Көңілді тапқырлар клубы (КТК) | -меңгерген сөздерін ауызекі тілдеқолдана білуге жаттықтыру;<br>-ойлау қабілеттерін дамыту,сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. | 1 | |
| 49 | Көктем | -жыл мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айта алу, суреттер туралы шағын мәтіндер құрастыруды дағдыландыру. Қазақ тіліндегі сөздер менсөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>-сөздерді сөз тіркесімен айтуға,сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. | 1 | |
| 50 | Көктемгі еңбек | -көктемгі еңбек түрлерін қазақшаайта алу. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.<br>- сөйлем құруда сөздерді ретімен қолдануға жаттықтыру, «Ө» дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру, артикуляциялық аппаратты дамыту. | 1 | |
| 51 | Көктем келді, құс келді. | -жыл құстарды танып дұрыс атау, жаңылтпаштарды айтуға үйрету. Қимылын білдіретінсөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. Зат есімдерді жекеше жәнекөпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру;<br>- «Ұ» дыбысын дұрыс айтып,ажыратуға жаттықтыруды | 1 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | жалғастыру. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды дамыту. | | |
| 52 | Армысың, әз Наурыз! | -сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, өткенді еске түсіру. Сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрауды дағдыландыру;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. | 1 | |
| 53 | Ертегі әлемі | -зейін қойып тыңдауға, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделіктіөмірде қолдана білуге үйрету; | 1 | |

-кейіпкер бейнесін көрсетугеынталандыру. Қазақ тіліне

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**КАЗАҚ ТІЛІ / СӘУІР АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 54 | Қандай түстер? | -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Балаларға сөйлем құратуда сын есімдердіпайдалануға үйрету: түсін сипаттай білуді меңгерту.Қандай? сұрағына жауап беруге үйрету;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру. | 1 | |
| 55 | Біз мектепке барамыз. | -сөздерді дұрыс айтуға машықтандыру. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырыпқұрастыруды дағдыландыру. Жаңылтпашты шапшаң және сөздерін анық айтуға үйрету;<br>-сөздерді саналы түрде есте сақтап, күнделікті өмірде қолдану дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. | 1 | |
| 56 | Мектепке неапарамыз? | -оқу құралдарын дұрыс атап, есте сақтау үйрету. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету;<br>-жаңылтпашты қайталау,дұрыс айтуға дамыту. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру. | 1 | |
| 57 | Оқушыға не керек? | -сөздерді саналы түрде есте сақтауғажәне дұрыс айтуға тілдерін жаттықтыру. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету;<br>-сөздерді байланыстырып сөйлеуді, 2-3 сөзден сөйлем құруға жаттықтыру. Қазақтіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. | 1 | |
| 58 | Дыбыстар әлемі | -сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстардыажырата алу дағдыларын нығайту.<br>-есту, тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді | 1 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | анық, дұрыс айтабілу дағдыларын дамыту. | | |
| 59-60 | Не? Кім? Қайда? | -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілуге үйрету. Сұрақ қоюға және сұраққа толық сөйлеммен жауап беруге жаттықтыру;<br>-ойлау, ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру. Қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру. | 2 | |
| 61 | Жайлауда | -жайлау туралы түсінік беру, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделіктіөмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақ жаттау  үйрету;<br>-сөздерді біріктіріп сөйлем құрау қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту. | 1 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**ҚАЗАҚ ТІЛІ / МАМЫР АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 62 | Киіз үй | -киіз үйі оның ішіндегі кейбір заттартуралы сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. | 1 | |
| 63 | Әжемнің оюлары | -сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ұлттық салт-дәстүрлерге байланысты сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.Сурет туралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтінқұрастыруды дағдыландыру;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, тілдік және артикуляциялықаппаратты дамыту. | 1 | |
| 64 | Қазақстан – ортақүйіміз | -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.Мақал-мәтелдерді айтуға үйрету;<br>-сөйлеу мәдениетін жетілдіру,сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрауға дағдыландыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. | 1 | |
| 65-66 | Мен не білемін жәнене істей аламын? | -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту. | 2 | |
| **Барлығы:66 сағат** | | | | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**САУАТ АШУ НЕГІЗДЕРІ / ЖЫЛДЫҚ /**

**Білім беру ұйымы: «ІТ мектеп-лицей»КММ**
**Топ/сынып:**Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:**5-6жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** қыркүйек айы 2023-2024 оқу жылы
***Апталық жүктеме 3 сағат, жылдық жүктеме 99 сағат.***
***Алматы «Алматыкітап баспасы» 2022 ж.***

**Мақсаты:** тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру.

**Міндеттері:**

ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;

коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;

түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;

балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;

балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;

әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.

**Сауат ашу негіздері:**

Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.

Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.

Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.

Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай

білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.

Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің және т.б. дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру.

Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.

**Күтілетін нәтижелер:**

- сөздің мағынасын түсінеді;
- сөздерге дыбыстық талдау жасайды: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтайды;
- сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды;
- берілген буынға сөз құрастырады;
- сөздегі буындардың санын анықтайды;
- үш-төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды;
- сөйлем сөздерден тұратынын біледі;
- берілген сөздерден жай сөйлемдер құрастырады;
- қаламды дұрыс ұстай алады;
- жазу парағында бағдарлай біледі, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратады;
- дыбыстардың белгілерін ажыратады (дауысты/дауыссыз);
- геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің және т.б. дайын суреттерінің сыртын контурдан шықпай бастырады, бояйды;
- түрлі сызықтарды салады;
- қолды жазуға дайындауға берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындайды.

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**САУАТ АШУ НЕГІЗДЕРІ / ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Дыбыс. | -сөз және дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру; жазу кезіндеарқаны және қолдарды дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру, қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету;<br>-ойлау қабілеттерін дамыту. Қағылездiлiкке, бастаған істі аяқтай білуге баулу;<br>- шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| 2 | Дыбыс пен сөз. | -сөз,дыбыс туралы түсінік беру;<br>-сөздің дыбыстан құралатынын,дыбыстың дауысты,дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру. | 1 | |
| 3 | Сөз | -балалардың сөз туралы түсініктерін қалыптастыру.Есту қабілеттерін жетілдіру;<br>-танып білуге деген қызығушылығын арттыру. | 1 | |
| 4 | Сөз.Сөздің мағынасы. | -сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту;<br>-сөйлеу тілін жетілдіру.Дауысты,дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру. | 1 | |
| 5 | Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз? | -сөз,дыбыс туралы түсінік беру;<br>-сөздің дыбыстан құралатынын,дыбыстың дауысты,дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру. | 1 | |
| 6 | Дауысты дыбыстар. | -сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту;<br>-сөйлеу тілін жетілдіру.Дауысты,дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру. | 1 | |
| 7 | Жуан дауысты дыбыстар. | -сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту;<br>-сөйлеу тілін жетілдіру.Дауысты,дауыссыз дыбыс | 1 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | ерекшелігін түсіндіру. | | |
| 8 | Жіңішке дауысты дыбыстар. | -сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту;<br>-сөйлеу тілін жетілдіру.Дауысты,дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру. | 1 | |
| 9 | Жуан, жіңішке дауысты дыбыстар. | -сөздердің ұзынды-қысқалығын қолменөлшеп, айыра білуге үйрету;<br>-балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету, сызбалар жасауға үйрету. | 1 | |
| 10-11-12 | Дауыссыз дыбыстар. | -сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту;<br>-сөйлеу тілін жетілдіру.Дауысты,дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру. | 3 | |
| 13 | Біз нені үйрендік? | -балаларға дыбыстық талдау жасауды үйрету;<br>-сөздерді буынға бөлудідамыту;<br>-саусақ моторикасын дамыту. | 1 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**САУАТ АШУ НЕГІЗДЕРІ / ҚАЗАН АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 14 | Біз нені үйрендік,нені білдік? | -берілген дыбысқа сөз ойлап айта білу қабілеттерін жетілдіру;<br>-тақырып бойынша берілген дидактикалық ойын арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру;<br>-білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| 15-16-17 | Қатаң дауыссыз дыбыстар | -қатаң дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату;<br>-суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру;<br>-бастаған істі тиянақты аяқтай білуге тәрбиелеу. | 3 | |
| 18-19-20 | Ұяң дауыссыз дыбыстар | -ұяң дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату; | 3 | |
| 21-22-23 | Үнді дауыссыз дыбыстар | -үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету;<br>-үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату.<br>3. Бастаған істі тиянақты аяқтай білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | 3 | |
| 24 | Біз нені үйрендік,нені білдік? | -дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратуға жаттығулар жасату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату;<br>-дауыссыз дыбыстардың айтылу барысындағы ерекшелікті ұғындыру арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-ұжым болып жұмыс істеуге тәрбиелеу. | 1 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**САУАТ АШУ НЕГІЗДЕРІ / ҚАРАША АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 25-26-27 | Дыбыстар әлемі | -дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру;<br>-тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру;<br>-достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. | 3 | |
| 28 | Буын | -сөздерді буынға түрлі әдістерменбөлуді үйрету;<br>-сөздердің лексикалық мағынасына мән бергізу арқылы логикалық ойларын дамыту;<br>-ұқыптылыққа, білімпаздыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| 29 | Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз. | -сөздерді буынға бөлуді үйретуді жалғастыру. 2. -суреттерді өз сызбасымен дұрыс сәйкестендіру арқылы ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту;<br>3. Бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу. | 1 | |
| 30 | Буынға бөлейік | -басталған буынға буын қосып, сөз құрауға үйрету;<br>-сөздерді буынға бөлдіру арқылы шапшаң ойлауға дағдыландыру, сөздік қорларын толықтыру;<br>-ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| 31 | Ойнай отырып оқимыз. | -сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру;<br>-дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту;<br>-шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелеу. | 1 | |
| 32-33 | Дыбыстық талдау. | -дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру;<br>-сәйкес қызыл және көк түсті фишкалармен дыбыстарды белгілей алу қабілеттерін, зейіндерін дамыту;<br>-тыңғылықты жұмыс істеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | 2 | |
| 34 | Дыбыстық талдау. | -балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту;<br>-сөз құрамын анықтау, сұраққа толық, тиянақты, нақты | 1 | |
| | | жауап беру дағдыларын дамыту; | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | -ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу; | | |
| 35 | Дыбыстық талдау. [ң] | -берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту;<br>-графикалық жұмысты орындау кезінде әртүрлі құрылымды сызықтарды өрнек бойынша, сұлба бойымен қолды көтермей, үзбей жаза білу қабілеттерін дамыту; | 1 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**САУАТ АШУ НЕГІЗДЕРІ / ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 36-37 | Дыбыстық талдау. | -дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру;<br>-берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту және графикалық жұмысты орындау кезінде жаза білу қабілеттерін дамыту;<br>-тиянақты және мұқият болуға тәрбиелеу. | 2 | |
| 38 | Дыбыстық талдау. | -сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту;<br>-тақырыпқа сай дидактикалық ойындар арқылы дыбыс және дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау;<br>-дербес жұмыс істеу алуға еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| 39-40 | Дыбыстық талдау. [н] | -қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру;<br>-дыбыстардың сөз ішіндегі орнын анықтай алу дағдыларын дамыту;<br>-дұрыс отырмаудың денсаулыққа зиян екенін түсіндіріп, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу. | 2 | |
| 41-42 | Дыбыстық талдау.[н],[л] | -дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру;<br>-берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту;<br>-артикуляциялық жаттығу жасату арқылы әдемі сөйлеуге баулу. | 2 | |
| 43-44 | Дыбыстық талдау. [о] | -берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру;<br>-дыбыстар туралы сұрақтарға жауап алу арқылы жылдам ойлауға және ойларын дұрыс жеткізе алуға жаттықтыру. | 2 | |
| 45 | Дыбыстық талдау. [с] | -дауысты дыбыстардың түрлерін ажырата алу дағдыларын бекіту;<br>-«Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» ойыны арқылы логикалық ойлауларын дамыту;<br>-шығармашылықпен жұмыс жасауға баулу арқылы еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| 46 | Дыбыстық талдау. [л] | -берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге жаттықтыру;<br>-дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту | 1 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | арқылы  сөз құрап, сол сөзді буынға бөле алу  дағдыларын бекіту; | | |

-ұсақ қол моторикасына арналған тапсырмаларды орындату

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**САУАТ АШУ НЕГІЗДЕРІ / ҚАҢТАР АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 49-50 | Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу. | -берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру.<br>-«Кері іс-әрекетті айт» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту;<br>-білімпаз болуға тәрбиелеу. | 2 | |
| 51 | Дыбыстың сөздегі орны[т] | -балаларды дыбыстың сөздегі орнын таба білуге үйрету;<br>-берілген буынға сөз құрап, сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.<br>-дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| 52 | Ойнай отырып оқимыз [к] | -сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту;<br>-берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту;<br>-ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту. | 1 | |
| 53 | Біз нені үйрендік,нені білдік? | -сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру.;<br>-сөздегі жетіспейтін буынды аяқтауға, берілген дыбысқа сөздерді жылдам құрауға жаттықтыру;<br>-дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| 54-55 | Дыбыстық талдау | -сөздерге дыбыстық талдау жасату үйрету;<br>-суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршату, жасалу жолдарын естеріне түсіру дағдыларын бекіту;<br>-дұрыс отыру, дұрыс жазу ережелерін таныстыра отырып, дене сымбатын дұрыс қалыптастыруға тәрбиелеу. | 2 | |
| 56 | Дыбыстық талдау [ү] | -сөздегі дыбыс санын анықтай алуға үйрету, дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру;<br>-сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту;<br>-дербес жұмыс істеу алуға және әрқашанда ақжарқын жүруге тәрбиелеу. | 1 | |
| 57 | Дыбыстық талдау | -дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасату; | 1 | |
| | | -өз ойын еркін жеткізе білуге жағдай жасау, сұраққа толық, | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | тиянақты, нақты жауап беруге үйрету, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру;<br>-мамандық иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. | | |
| 58 | Дыбыстық талдау [р] | -дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар | 1 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**САУАТ АШУ НЕГІЗДЕРІ / АҚПАН АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 59 | Сөйлем | -сөйлем ұғымымен таныстыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету;<br>-берілген буынға сөз құрау және антоним сөздерді айта алу дағдыларын бекіту;<br>-ойын арқылы көшбасшы болуға тәрбиелеу. | 1 | |
| 60-61 | Сөйлем сызбасы | -сөйлем сызбасымен таныстырып, 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету;<br>-сөйлем сызбасын құруды үйретіп, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып, берілген буынға сөз құрап, дыбыстық сызба бойынша сөз құрай алу дағдыларын бекіту;<br>-басталған жұмысты аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу. | 2 | |
| 62 | Сөйлем құрау | -сөздерді қатыстырып, белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту;<br>-сөйлем сызбасын құруға және сөйлемге мағынасына қарай сөз қоса алуға жаттықтыру;<br>-дербес жұмыс істей алуға және шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| 63 | Ойнай отырып оқимыз | -сөйлем құрып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айта алу және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын жетілдіру;<br>-сөзді дыбыстық талдай алу дағдыларын бекіту;<br>-көлік түрлерінің пайдасын айта отырып, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| 64 | Дыбыстық талдау | -дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру;<br>-дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлеріне жатығулар жасату, сөйлем құрату арқылы зейіндері мен логикалық ойлауларын дамыту;<br>-мамандық түрлерімен таныстыру арқылы әр мамандық иелерінің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. | 1 | |
| 65-66 | Дыбыстық талдау [р] | -дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру; | 2 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | -дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлеріне жатығулар жасату, сөйлем құрату арқылы зейіндері мен логикалық ойлауларын дамыту;<br>-мамандық түрлерімен таныстыру арқылы әр мамандық иелерінің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. | | |
| 67 | Біз нені үйрендік,нені білдік? [ч] | -сөзді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру; берілген дыбысқа сөз құрай алуға жаттықтыру;<br>-сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын | 1 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**САУАТ АШУ НЕГІЗДЕРІ / НАУРЫЗ АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 69 | Біз нені үйрендік,нені білдік? [ө] | -сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту;<br>-буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін мен есте сақтауларын дамыту;<br>-ересектердің айтқанын мұқият тыңдауға тәрбиелеу. | 1 | |
| 70 | Дыбыстық талдау [ұ] | -сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын бекіту;<br>-графикалық жұмысты орындау кезінде фонематикалық естуді, сөйлеуді, зейінді, есте сақтауды, ұсақ қол моторикасын дамыту;<br>-дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| 71-72 | Дыбыстық талдау | -төрт дыбысты сөзге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру;<br>-сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту;<br>-салт дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. | 2 | |
| 73 | Дыбыстық талдау | -сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту;<br>-буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін, есте сақтауларын дамыту;<br>-ұйымшыл болуға тәрбиелеу. | 1 | |
| 74 | Сөздің дыбыстық сызбасы | -қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарға сөз ойлап айта білуге жаттықтыру;<br>-сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту;<br>-кез келген тапсырманы ұқыпты орындауға тәрбиелеу. | 1 | |
| 75 | Біз нені үйрендік? [қ] | -сызба бойынша сөйлем құрауларын жетілдіру, сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру;<br>-дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату, сөздерді дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру. | 1 | |
| | | -штрихтау, үзік сызықтарды үзбей бастыру арқылы | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | шыдамдылыққа тәрбиелеу. | | |
| 76 | Дыбыстық талдау | -төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру;<br>-дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру;<br>-үзік сызықтарды үзбей бастыру арқылы эстетикалық талғамдарын және бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу. | 1 | |
| 77 | Ойнай отырып оқимыз | -сөздерді буынға бөлуге, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы сөздерді дұрыс айту машықтарын қалыптастыру;<br>-ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту;<br>-ұжым болып тапсырмаларды орындату арқылы ұйымшылдыққа  тәрбиелеу. | 1 | |
| 78-79 | Дыбыстық талдау | -сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдіру;<br>-суреттерден дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді тауып сөйлем құрату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстардың анықтату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту; | 2 | |

## 2023 - 2024 оқу жылына арналған
## ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
## САУАТ АШУ НЕГІЗДЕРІ / СӘУІР АЙЫ/

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 80 | Біз нені үйрендік? | -сөйлем құрай білулерін, сөйлем сызбасын сыза білулерін жетілдіру;<br>-буынға бөлу, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы және де дидактикалық ойындар арқылы логикалық ойлауларын дамыту;<br>-еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| 81 | Біз нені үйрендік? [ш] | -сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан басталатын сөйлемдер құрай білулерін жетілдіру;<br>-дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге, сөз ішінен дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы есте сақтауларын мен зейіндерін дамыту.<br>-достыққа тәрбиелеу, өнерге баулу. | 1 | |
| 82-83 | Дыбыстық талдау | -сөздерге дыбыстық талдау жасау, суреттерді өз дыбыстық сызбасымен сәйкестендіру, сөзге буын жалғап сөз құрауды жалғастыру;<br>-сызбадан дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы шапшаң ойлары мен есте сақтау қабілеттерін дамыту;<br>-ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. | 2 | |
| 84 | Сөйлем құрай білеміз | -сөйлем құрау және сөйлемді толықтыру, өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру;<br>-графикалық тапсырмаларды орындату арқылы саусақ бұлшық еттерін дамыту;<br>-ұқыптылыққа, досқа адал болуға тәрбиелеу. | 1 | |
| 85 | Біз нені білдік? [й] | -суреттен іс-әрекетті білдіретін сөздерді анықтап айта білуге, сөздердегі буын санын анықтауды жалғастыру;<br>-сөйлемдегі сөздің орнын анықтауға, берілген дыбысқа сөз ойлап айтуға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дамыту;<br>-өнерлі болуға тәрбиелеу. | 1 | |
| 86-87 | Біз нені үйрендік,нені білдік? | -сөйлем құрау, дауысты дыбыстардың түрлерін анықтай отырып, буынға бөлу дағдыларын жетілдіру; | 2 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | -сөзде түсіп қалған тиісті дыбысты табу, қандай да бір дыбысқа сөз құрау секілді тапсырмалар арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру;<br>-театрда өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстыру арқылы мәдениетті болуға тәрбиелеу. | | |
| 88-89 | Біз нені үйрендік,нені білдік? | -сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру;<br>-буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру;<br>-жолда жүру ережесін сақтап жүруге тәрбиелеу. | 2 | |
| 90 | Дыбыстық талдау | -сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту;<br>-дыбыстық сызба мен оған сәйкес суретті сәйкестендіруге, сөздерді буынға бөлгізуге жаттықтыру арқылы ақыл-ойларын дамыту;<br>-спортпен айналысу адам денсаулығы үшін пайдалы екенін ұғындыру. | 1 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**САУАТ АШУ НЕГІЗДЕРІ / МАМЫР АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 93 | Біз нені үйрендік? | -сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру;<br>-сөздердің жалпы атауын атауға, сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы зейіндерін дамыту;<br>-спортпен айналысу қажеттігін түсіндіру арқылы салауатты өмір сүруге тәрбиелеу. | 1 | |
| 94 | Біз не білеміз? | -сызба бойынша сөйлем құрауға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру;<br>-дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру, сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру;<br>-балаларға тыйым сөдердің мағынасын түсіндіру арқылы әдепті болуға тәрбиелеу. | 1 | |
| 95 | Үйренгендерімізді қайталаймыз. | -дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту;<br>-сәйкестендіре білуге, буынға бөлуге, дыбыстардың түрлерін есте сақтауға жаттығулар жасату арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру;<br>-бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу. | 1 | |
| 96 | Біз нені үйрендік,нені білдік? | -дыбыстық сызбаны өз суретімен сәйкестендіруге арналған тапсырма арқылы дыбыс туралы білімдерін бекіту;<br>-сөздегі дыбыстың орнын табуға, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру;<br>-графикалық тапсырмаларды орындату арқылы мұқият жұмыс істеуде тәрбиелеу. | 1 | |
| 97 | Біз нені үйрендік? | -дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту, буыннан сөз құрауды, сөзді буынға бөлуді жетілдіру;<br>-сөйлем құрауға, сөйлемнен бірінші, екінші, үшінші сөздерді | 1 | |
| | | таба білуге, сөйлемнің сызбасын сыза білуге жаттықтыру | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | арқылы есте сақтауларын дамыту;<br>-нүктелердің үстімен суретті бастыру жұмысы арқылы эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу. | | |
| 98-99 | Біз нені үйрендік,нені білдік? | -дыбыс, буын, сөз ұғымдарын бекіту ұзынжәне қысқа сөздерге мысал келтіруге, дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру; | 2 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / ЖЫЛДЫҚ /**

**Білім беру ұйымы: «IT мектеп-лицей»КММ**
**Топ/сынып:**Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:**5-6жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** қыркүйек айы 2023-2024 оқу жылы
***Апталық жүктеме 3 сағат, жылдық жүктеме99 сағат.***
***Алматы «Алматыкітап баспасы» 2022 ж.***
**Мақсаты:** тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту, коммуникативтік-танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды дамыту.
**Міндеттері:**

танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру;

зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;

балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, обьектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;

математикалық және интелектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.

Математика негіздері.

Жиын.

Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.

Сан және санау.

10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.

10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.

Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.

Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.

Шама.

Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.

Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.

Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.

Геометриялық фигуралар

Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.

Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өзбетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.

Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.

Кеңістікті бағдарлау.

Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.

Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.

Уақытты бағдарлау. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.

Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын –

кейінірек») анықтау.

Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.

Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.

**Күтілетін нәтижелер:**

- жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құрады;
- жиындарды бөліктерге бөледі және оларды қайта біріктіреді;
- 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды біледі;
- «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажыратады, оларға дұрыс жауап береді;
- теңсіздіктен теңдік немесе теңдіктен теңсіздік шығарады;
- әртүрлі белгілері бойынша заттарды салыстыра алады (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы);
- заттардың ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтайды;
- заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастырады;
- заттарды салыстыруда беттестіру, қасына қою және жұппен салыстыру тәсілдерін қолданады;
- геометриялық пішіндерді (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) ажыратады және атайды;
- қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды тауып, олардың пішіндерін анықтайды;
- қағаз бетінде бағдарлай біледі, апта күндерін, жыл мезгілдері бойынша айларды ретімен атайды;
- заттарды кеңістікте орналастырады, қозғалыс бағыттарын біледі;
- пазлдарды жинайды, логикалық ойын тапсырмаларын орындайды;
- түрлі сызықтарды салады.

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Қағаз бетінде бағдарлау | -қағаз бетінде бағдарлауға (жоғарыда, төменде, оң жағында, сол жағында) қалыптастыру; қағаз бетінде бағдарлау (жоғары, төмен, ортасы, оң жақ, сол жақ) дағдыларын дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. | 1 | |
| 2 | Біреу – көп. | -«біреу» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. | 1 | |
| 3 | Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру. | -дара заттарды бөлуді үйрету; бір заттан тұратын жиын туралы ұғым қалыптастыру;<br>-«біреу» және «бірнеше» («көп») терминдерін енгізу;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. | 1 | |
| 4-5 | 1 саны және цифры.<br>2 саны және цифры | -«бір» және «көп» ( «бірнеше») терминдерін енгізі;<br>-1 және 2 сандарымен таныстыру;<br>-заттарды санай алуға; сандардың айтылу реттілігін үйрету;<br>-заттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды үйрету;<br>-сөйлеу тілін және назар аудару дағдыларын дамыту;<br>-қозғалыстарын үйлестіру, ұсақ қол моторикасын қалыптастыруды жалғастыру. | 2 | |
| 6-7 | 3 саны және цифры.<br>4 саны және цифры. | -цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету;<br>-заттарды санау дағдыларын жетілдіру; 3 және 4 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету;<br>-зейін мен логикалық ойлауды дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. | 2 | |
| 8-9 | 5, 6 сандары және цифрлары | -цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету;<br>-заттарды санау дағдыларын жетілдіру;<br>-5 және 6 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; | 2 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | -зейін мен логикалық ойлауды дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. | | |
| 10-11-12 | 7, 8, 9 сандары және цифрлары | -цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету;<br>-заттарды санау дағдыларын жетілдіру;<br>-заттарды дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету;<br>-зейін мен логикалық ойлауды дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. | 3 | |
| 13-14 | 10 саны | -10 санының жазбасын заттардың санымен сәйкестендіруге<br>үйрету;<br>-заттарды санау және ретімен санау, тура және кері санау дағдыларын жетілдіру;<br>-10 санын дұрыс тануға 1 және 0 цифрларымен бейнелеуге үйрету; зейін мен ойлауды дамыту;<br>-е сте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. | 2 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / ҚАЗАН АЙЫ/**

| **Р/с №** | **ҰІӘ-нің тақырыбы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** | **Сағат саны** | **Өту мерзімі** |
|---|---|---|---|---|
| 15-16 | Заттарды өлшемі бойынша салыстыру | -әртүрлі заттар ұзындығы (5 және одан да көп), биіктігі, ені немесе қалыңдығы арасындағы өлшемдік қатынасты дұрыс, заттарды өлшемі бойынша өсу және кему ретімен қоя білуге үйрету; -сөйлеу барысында «үлкен - кішкентай», «артық - кем», «өлшемі бірдей», түсі бірдей және әртүрлі, сөздерді қолдана білуге жаттықтыру;<br>-логикалық ойлау, талдау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту. | 2 | |
| 17-18 | Ұзындық. | -шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату;<br>-логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару қабілеттерін дамыту. | 2 | |
| 19-20 | Шартты өлшеуішті пайдаланып заттарды ұзындығы бойынша салыстыру. | -шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату;<br>-логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару қабілеттерін дамыту. | 2 | |
| 21-22 | Дөңгелек. Шаршы.<br>Тіктөртбұрыш. Үшбұрыш. | -геометриялық фигура - тіктөртбұрышпен таныстыру; геометриялық фигураларды тануға және атауға: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, ұқсастығы мен айырмашылығын табуға үйрету;<br>-логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту; санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға үйрету; | 2 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | -зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | | |
| 23-24 | Дөңгелек және сопақша | -сопақша геометриялық фигураны тануға және атауға үйрету; дөңгелек және сопақша, сопақша және тікбұрыш арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты табуға; заттардың пішіндерін анықтауға үйрету; заттарды түсі, пішіні, шамасы бойынша ажырату білігін бекіту; заттарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға (заттар тобынан 2-3 белгісі бойынша затты ерекшелеу).<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | 2 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / ҚАРАША АЙЫ/**

| **Р/с №** | **ҰІӘ-нің тақырыбы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** | **Сағат саны** | **Өту мерзімі** |
|---|---|---|---|---|
| 25-26-27 | Шар, текше, цилиндр | -текше, шар, цилиндрді тануды, атауды үйрету; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту; санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға үйрету;<br>-зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | 3 | |
| 28-29 | Таңертең, күндіз, кеш, түн. Кеше, бүгін, ертең,бүрсігүні. | -уақытты сипаттайтын сөздердің атауларын анықтау;<br>-таңертең, күндіз, кеш, түн бір тәулікті құрайтыны туралы түсінік беру; тәуліктің бөліктерін тану, атауды үйрену, атау кезінде дұрыс реттілікті сақтау: кеше, бүгін, ертең;<br>-зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту. | 2 | |
| 30-31-32 | Апта күндері | -уақыт туралы ұғымдарды қалыптастыру жұмысын жалғастыру; сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру;<br>-зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту. | 3 | |
| 33-34 | Жыл мезгілдері. | -ай атауларын жыл мезгілдері бойынша рет-ретімен атауға үйрету және табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту;<br>-зейін, жад, сөйлеу, логикалық ойлауды, сәйкестік табуды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>-дербестікке баулу. | 2 | |
| 35-36-37 | Ауыр. Жеңіл | -«жеңіл - ауыр» сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету; заттарды қолға алып, салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету;<br>-логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | 3 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 38-39 | Салмағы бойынша тең және тең емес заттар. | -«жеңіл - ауыр» сөздерін пайдалана отырып, салыстыруды үйрету; заттардың салмағын өлшемі бойынша анықтауды үйрету; заттың салмағы оның өлшеміне байланысты емес, деген ұғым беру;<br>-логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату білігін бекіту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | 2 | |
| 40-41-42 | Бүтін және бөлік | -бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету.Түпкілікті жиын мен оның құрамдас бөліктерінің арасындағы қатынасты анықтау білігін дамыту; бүтін өзінің бөлшегінен үлкен сандарды салыстыру. «+», «-» таңбасымен таныстыру білігін қалыптастыруды жалғастыру; сандарды санау, салыстыру, цифрларды тануға және атау қабілеттерін бекіту.<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | 3 | |
| 43-44-45 | Артық, кем, тең | -балаларды «=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау; санау, салыстыру, санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | 3 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / ҚАҢТАР АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 46-47-48 | 10 көлемінде тура және кері санау | -келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру. Сандық кесіндіден 1-ді қосу және 1-ді азайту арқылы мысалдар шығару ұғымдарын қалыптастыру. 1-ді қосу және азайтуды үйрету. 10-ға дейін тура және кері санауды жүргізу. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды үйрету;<br>-назар аудару, логикалық ойлау дағдыларын дамыту. | 3 | |
| 49-50-51 | Заттар тобын салыстыру және санау | -топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10- ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | 3 | |
| 52-53-54 | Заттың бірнеше тең бөліктері | -затты бірнеше тең бөлікке бөлуге үйрету, осы бөліктерді атауға, бүтін мен бөліктерді салыстыру; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету; бүтіннің тең бөліктерінің атауларымен таныстыру: «жарты», «төрттен бір бөлік», «үштен бір бөлік»;<br>-есте сақтау, зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдысын дамыту. | 3 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / АҚПАН АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 55-56-57 | Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару | -көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар жасау; санау білігін бекіту, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | 3 | |
| 58-59-60 | Шартты өлшем | -үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), және оған тең заттарды табуды үйрету. Санау, заттар санын цифрмен сәйкестендіру,қарапайым мысалдарды шығару дағдыларын бекіту;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | 3 | |
| 61-62-63 | Ұзын – қысқа, биік – аласа, кең – тар, қалың – жұқа. | -үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу ұсақ қол моторикасын дамыту. | 3 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / НАУРЫЗ АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 64-65-66 | Тең заттар. | -түпкілікті жиын мен оның бөліктері арасындағы қатынастарды анықтау білігін дамыту: бүтін өзінің бөлшегінен үлкен; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау; балаларды«=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру;<br>-зейінді, жадты, логикалық ойлауды дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. | 3 | |
| 67-68-69 | Геометриялық фигуралар( пішіндер) және денелер | -фигулардың атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту. | 3 | |
| 70-71-72 | Геометриялық пішіндегі заттар. | -пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғымдарды қалыптастыру. Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту. | 3 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / СӘУІР АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 73-74-75 | Не(пішіндер) неге ұқсайды? | -геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету;<br>-зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау;<br>-графикалық диктантты орындауға үйрету;<br>-кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | 3 | |
| 76-77-78 | Кім қайда тұр? | -қоршаған ортада бағдарлануға үйрету, белгілі бір затты оның орналасуын сипаттау бойынша табуға үйрету;<br>«жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада» терминдерін пайдалануға жаттықтыру;<br>Графикалық диктантты орындау, схемаға сәйкес затты табу, қарапайым мысалдар шығару білігін бекіту;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеуді дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | 3 | |
| 79-80-81 | Үстінде – астында,алдында-артында,оң жақта-сол жақта | -балаларды қағаз парағының бетінде бағдарлау (жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта); жад пен кеңістіктік ойлауды дамыту білігін қалыптастыру;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. | 3 | |
| 82-83-84 | Жыл мезгілдері. | -ай атауларын жыл мезгілдері бойынша рет-ретімен атауға үйрету және табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту;<br>-зейін, жад, сөйлеу, логикалық ойлауды, сәйкестік табуды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>-дербестікке баулу. | 3 | |
| 85-86-87 | Жыл айлары | -апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты | 3 | |
| | | анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту. Логикалық ойын | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | тапсырмаларын орындауға үйрету; | | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / МАМЫР АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 88-89-90 | Апта күндері.Тәулік бөліктері.Циферблат бойынша уақытты анықтау. | -апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту. Логикалық ойын тапсырмаларын орындауға үйрету;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>-дербестікке баулу. | 3 | |
| 91-92-93 | Таразы. | -салмағына қарай заттарды салыстыруға үйрету, таразыда жатқан ауыр затты анықтауға үйрету; таразыны теңестіру үшін «тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керек» деген ұғыммен таныстыру. Санау білігін, суретке қарап мысалдар құрастыру, оны шығару дағдыларын бекіту;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>-дербестікке баулу. | 3 | |
| 94-95-96 | Өлшеу. | -заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту. Таразының қай табағында ауыр зат жатқанын анықтауға (төмен түскен табақта), таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керектігін үйрету; графикалық диктантты орындау, қағаз бетінде бағдарлау, 10 көлемінде санау, заттардың санын цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту;<br>-зейін, жад, сөйлеу және қолдың моторикасын дамыту. | 3 | |
| 97-98-99 | Бекіту | -10 көлемінде тура және кері санау, геометриялық пішіндер мен денелер атауын бекіту. Есеп шығару, заттарды салмағы бойынша салыстыру біліктерін бекіту;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу біліктілігін; логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | 3 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН ТАНЫСТЫРУ / ЖЫЛДЫҚ АЙЫ/**

**Білім беру ұйымы: «ІТ мектеп-лицей»КММ**
**Топ/сынып:**Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:**5-6жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** қыркүйек айы 2023-2024 оқу жылы
***Апталық жүктеме 2 сағат, жылдық жүктеме 66 сағат.***
***Алматы «Алматыкітап баспасы» 2022 ж.***
**Мақсаты:** тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарға баулу, қоршаған әлемнің заттары мен құбылыстары туралы ұғымдарын байыту.
**Міндеттері:**

әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу;

Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту;

еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;

табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;

экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.

**Қоршаған ортамен таныстыру.**

Бала, оның отбасы, үйі:

Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.

Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.

Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу,

отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.

Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау

Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өзбетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.

Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай

білу. Көлік, байланыс құралдары

Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидар және т.б. қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.

Еңбекке баулу.

Әртүрлі мамандықтар, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау.

Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау.

Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға баулу. Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау.

Адамгершілікке баулу

Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу.

Менің Отаным – Қазақстан.

Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік мерекелер, Қазақстан Республикасының рәміздерін, Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну.

Мемлекеттік Әнұранды жатқа білу, оның маңыздылығын түсіну. Мемлекеттік мерекелердің (Тәуелсіздік, Республика күні, жаңа жыл, Наурыз, ғарышкерлер, аналар мерекесі, Отан қорғаушылар, балалар, астана күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу. Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу.

Қазақстан Республикасының астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту.

Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу.

Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтің ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу.

Жол қозғалысы ережелері

Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Балалар», «трамвай аялдамасы», «автобус аялдамасы», «жаяу жүргіншілер жолы», «велосипед жолы» белгілерін білу.

Табиғатпен таныстыру

Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.

Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну.

Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.

Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың және т.б. маңызын түсіну.

Өсімдіктер әлемі

Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру.

Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі.

Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту.

Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

Жануарлар әлемі

Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері

бойынша ажырату. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.

Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); коректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу.

Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу және т. б.); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл және т. б.) бойынша топтастыру.

Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екендігін және оны қорғау, сақтау керек екендігін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу.

**Күтілетін нәтижелер:**

- өзінің болашағына, табысты болу үшін білімнің қажеттігін түсінеді;
- еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсінеді;
- өз күші мен мүмкіндіктеріне сенеді;
- туыстық байланыстарды түсінеді, жеті атасын біледі;
- үлкендерді сыйлайды, кішіге қамқорлық танытады;
- қолынан келгенше көмектесуге тырысады;
- отбасы мүшелерін жақсы көреді, оларға алғыс айтады, сыпайы сөйлейді;
- заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтайды және олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттайды;
- ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидар және т.б. қолданылуын біледі;
- айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын біледі және оларға ұқыпты қарауға тырысады;
- еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтейді, үлкенді сыйлайды, олардың еңбегін бағалайды;
- әнұранды кеудесіне қолын қойып, жауапкершілікпен орындайды;
- Мемлекеттік мерекелердің маңыздылығын түсінеді, оларға белсенділікпен қатысады;
- Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлерін біледі, оларды құрметтейді;
- Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының маңыздылығын түсінеді;
- өз Отанын жақсы көреді, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсінеді;
- Кеңес Одағының батырларын біледі, оларды құрметтейді;

- өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай біледі;
- еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде жақсы нәтижеге жетуге ұмтылады;
- сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға тырысады;
- айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге тырысады;
- балабақшаның үй-жайларында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлайды;
- арнайы көлік құралдарының қолданылуы туралы біледі;
- өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажыратады;
- тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылайды және түсінеді;
- заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылайды, талдайды, салыстырады, ажыратады;
- туған өлкенің ағаштарын, бұталарын, гүлдерін, шөпті өсімдіктерін таниды және ажыратады;
- өсімдіктерді бақылап, себеп-салдарлық байланыстарды ажыратады;
- өсімдіктерге күтім жасау әдістерін біледі;
- жануарларды әртүрлі белгілері бойынша топтастырады;
- таныс материалдармен өз бетінше эксперимент жасай алады;
- нанға ұқыпты қарайды, адамдардың еңбегін құрметтейді;
- Қазақстан аумағында мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін ажыратады және атайды;
- төрт түліктің пайдасын біледі, оларды күтіп-баптайды;
- жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажыратады, құстардың пайдасын біледі, оларға қамқорлық жасайды;
- адамның табиғаттың бір бөлігі екендігін біледі;
- табиғатты қорғау, сақтау, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы біледі;
- тірі объектілердің өсуі мен дамуы үшін су, жарық, ауа, қорек және айналасындағылардың қамқорлығы қажет екенін түсінеді;
- қоршаған ортадағы тірі және өлі табиғат объектілеріне қамқорлық танытады;
- ата-анасының, жақындарының еңбегі туралы әңгімелеп береді;
- Қазақстан Республикасының Президентін біледі оны мақтан тұтады;
- жол қозғалысы ережесін біледі.

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН ТАНЫСТЫРУ / ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Заттардың адам өміріндегі маңызы.<br>Не неден жасалады? | -балаларға заттардың белгілері мен ерекшеліктері туралы білім беру;<br>-қандай материалдардан жасалынатыны және олардың сапасы жайлы түсінігін кеңейту | 1 | |
| 2 | Бізді не қоршап тұр? | -балаларды жансыз табиғат түсінігімен таныстыру,жансыз табиғаттағы адам қолымен жасалған заттарды айыра білуге үйрету;<br>-өзіндік тәжірибеалдық жұмысты ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін жетілдіру. | 1 | |
| 3 | Табиғатта не өзгерді? | -күзде табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап,бір-бірінен ажырату және атауларын атап көрсетуге;себеп-салдар байланысын анықтауға үйрету;<br>-тәжірибелік-тәжіриеалдық жұмысқа деген қызығушылығын ояту,бақылау нәтиелерін салыстыру,талдау,және қорытынды жасау қабілеттерін шыңдау. | 1 | |
| 4 | Нан қайдан келеді? | -балалардың нанның дастарханға келу жолы туралы түсініктерін жетілдіру;<br>-танымдық-ізденістік жұмыстарға талпынысын күшейту. | 1 | |
| 5 | Себетке қандай саңырауқұлақ саламыз? | -сңырауқұлақтың кейбір жеуге жарамды және улы түрлері туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>-балаларға саңырауқұлақтардың түр-түсі мен атауларын үйрету. | 1 | |
| 6 | Жыл мезгілдері: жаз, күз,қыс,көктем.Белгілері. | -жаз және күз мезгілдерінің негізгі,маңызды белгілері бойынша түсінік беру;<br>-сөздік қорларын,өзін қоршаған орта туралы ойын жеткізе білу қабілеттерін дамыту. | 1 | |
| 7-8 | Су – тіршілік көзі. | -судың қасиеттерін таныстыру; | 2 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | -танымдық мүмкіндіктерін арттыру,тәжірибе жасай білу | | |
| | | дағдыларын дамыту. | | |
| 9-10 | Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді? | -жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту;<br>-жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы сипаттама жасау қабілеттерін қалыптастыру;<br>-себеп-салдар байланысын анықтау қабілеттерін дамыту. | 2 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН ТАНЫСТЫРУ / ҚАЗАН АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 9-10 | Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді? | -жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту;<br>-жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы сипаттама жасау қабілеттерін қалыптастыру;<br>-себеп-салдар байланысын анықтау қабілеттерін дамыту. | 2 | |
| 11-12 | Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме? | -күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету;<br>-балалардың табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін күшейтіп, табиғатпен қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру;<br>-баланың тұлғалық қасиеттерін дамыту. | 2 | |
| 13-14 | Жыл құстары. | -қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту;<br>-табиғатқа қатысты қарапайым ғылыми түсінікті дамыту; заттарды салыстыру арқылы талдау қасиетін дамыту;<br>-табиғатқа қамқорлықпен, жанашырлықпен қарауға үйрету. Этикалық және эстетикалық сезімдерін қалыптастыру. | 2 | |
| 15-16 | Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі. | -тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Олардың атқаратын қызметімен таныстыру;<br>-қауіпсіздік ережесі туралы алған білімдерін дамыту;<br>-қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру, тазалыққа, жинақылыққа баулу. | 2 | |
| 17-18 | Бөлме өсімдіктері және оларды күту. | -өсімдіктердің тірі ағза екенін және өсу үшін барлық тіршілік иесі секілді оларға да белгілі бір қолайлы жағдайлар қажеттігі туралы түсінік қалыптастыру;<br>-өсімдіктердің адам өмірі үшін маңыздылығы туралы түсінікті | 2 | |
| | | бекіту;<br>-топпен бірге жұмыс істеу, келісімге келу, жанындағы серіктесінің | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | пікірін ескеру сынды әлеуметтік құзіреттіліктерін дамыту. | | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**

**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН ТАНЫСТЫРУ / ҚАРАША АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 19-20 | Аңдар қысқа қалай дайындалады? | -жануарлардың (аңдардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру;<br>-логикалық ойлау, талқылау, салыстыру, пікір білдіру қабілеттерін дамыту;<br>-табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оның сұлулығын қабылдап, терең түйсінуге, жануарлар мен өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу. | 2 | |
| 21 | Терезе алдында не өсіп тұр? | -балаларды жаңа бөлме өсімдіктерімен таныстыру;<br>-тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту;<br>-зерттеушілік мінез-құлық пен жаңаны танысам деген құлшынысын дамыту. | 1 | |
| 22-23 | Тұқымнан не өсіп шығады?<br>Өсімдіктерге өсу үшін не қажет? | -балалардың өсімдіктердің көбею тәсілдері, оның өсуіне кері әсер ететін белгілі бір жағдайлар, өсімдіктің өсу және дамуының негізгі кезеңдері туралы түсініктерін кеңейту;<br>-қарапайым экологиялық және зерттеушілік мәдениетін дамыту. | 2 | |
| 24-25 | Табиғат бұрышын мекендеушілерді білесің бе? | -табиғат бұрышын мекендейтін атжалман, теңіз шошқасы сынды тіршілік иелері туралы білімдерін жетілдіру;<br>-өз нысанын суреттеу қабілеттерін; зейінін және есте сақтау қабілеттерін дамыту;<br>-жануарлар әлеміне деген сүйіспеншілікке, оларға қамқорлық жасауға құштар етіп тәрбиелеу. | 2 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН ТАНЫСТЫРУ / ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 26-27 | Аквариумда не тіршілік етеді? | -балаларды жанды табиғат бұрышындағы тіршілікпен таныстыру;<br>-құрбы-құрдастарымен және ересектермен еркін араласу үдерісі арқылы олардың танымдықзерттеушілік қызметпен айналысуына жағдай жасау;<br>-балаларды еңбекқорлыққа, құрбыларымен достық қарым-қатынас жасауға үйрету. | 2 | |
| 28-29 | Жануарлардың тіршілігі үшін не қажет? | -жануарлардың бәрінің тірі жан иесі екендігі және олардың тіршілік етуіне белгілі бір жағдайлар қажеттігі туралы түсінікті пысықтау;<br>-олардың зейін қойып тыңдау, көзбен көргенін естеу сақтау және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-зерттеушілік мәдениетін дамыту. | 2 | |
| 30-31 | Боран қай кезде соғады?<br>Қар тоқтату жұмысы. | -қыста табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, олардың атын атау және бір-бірінен ажыратуға үйрету;<br>-қарапайым зерттеушілік және экологиялық мәдениет қалыптастыру. Қоршаған ортаны тануға деген қызығушылықтарын арттыру;<br>-құрбы-құрдастарымен және ересектермен қарымқатынас жасай білуге тәрбиелеу. | 2 | |
| 32-33 | Қыстап қалатын құстар немен қоректенеді? | -құстардың қыстағы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту;<br>-қарапайым ғылыми түсініктерін дамыту; заттарды салыстырғанда талдау қабілеттерін дамыту;<br>-тірі нысандарға адамгершілік қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. | 2 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН ТАНЫСТЫРУ / ҚАҢТАР АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 34-35 | Үй жануарларының қандай пайдасы бар? | -үй жануарлары мен олардың төлдері; олардың адамға әкелетін пайдасы туралы түсініктерін жинақтау; үй жануарлары мен жабай аңдардың атын атап, оларды бір-бірінен айыра білуге үйрету;<br>-тірі нысанды суреттеу қабілеттерін дамыту; зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту;<br>-табиғатты бағалай білуге, оған адамгершілік қарымқатынас жасауға үйрету. | 2 | |
| 36-37 | Әтеш қай кезде шақырады? | -үй құстарының атауларын білу және оларды бірбірінен ажырата білу қабілеттерін нығайту;<br>-тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын, бақылау нәтижелерін талдау, салыстыру және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту;<br>-табиғатқа қайырымды болуға, эмоционалдық, эстетикалық және этикалық сезімдерін қалыптастыру. | 2 | |
| 38 | Асыранды үй жануарларын қалай күтіп-баптаймыз? | -балалардың үйде асырайтын жануарлар туралы түсініктерін кеңейту;<br>-олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін нығайту;<br>-балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Табиғатпен адамгершілік қарымқатынаста болуға үйрету. | 1 | |
| 39-40 | Алақай, көктем келді! | -балалардың жануарлар мен өсімдіктер үшін жылу көзі болып табылатын күн туралы түсініктерін пысықтау;<br>-өзіндік тәжірибеалды жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың осыған қатысты түсініктерін кеңейту;<br>-танымдық қызығушылықтарын арттыру, зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру. | 2 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН ТАНЫСТЫРУ / АҚПАН АЙЫ/**

| **Р/с №** | **ҰІӘ-нің тақырыбы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** | **Сағат саны** | **Өту мерзімі** |
|---|---|---|---|---|
| 41-42 | Ауа не үшін қажет? | -балалардың «адам, жануар және өсімдіктер үшін тіршілік көзі – ауа» деген түсініктерін кеңейту;<br>-тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту;<br>-балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Табиғатпен адамгершілік қарымқатынаста болуға үйрету. | 2 | |
| 43-44 | Пайдалы қазбалар дегеніміз не? | -жансыз табиғаттағы заттар туралы түсінік қалыптастыру;<br>-олардың аттарын атап, бір-бірінен ажырата білу қабілетін дамыту;<br>-қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарай білуге тәрбиелеу. | 2 | |
| 45-46 | Орман | -қылқанжапырақты ағаштар мен қарағай ормандарын мекендейтін жануарлар арасындағы байланыстар туралы түсінік қалыптастыру;<br>-топпен жұмыс істеу, келісімге келу, жанындағы серіктесінің пікірін ескеру сынды әлеуметтік компетенцияларды дамыту;<br>-туған табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, оның сұлулығын қабылдап, терең түйсінуге, жануарлар мен өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу. | 2 | |

# 2023 - 2024 оқу жылына арналған
# ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
## ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН ТАНЫСТЫРУ / НАУРЫЗ АЙЫ/

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 47-48 | Өсімдіктерді қалай күту қажет? | -балалардың өсімдіктерге күтім жасау, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту;<br>-танымдық-ізденімпаздық қызметке деген қызығушылығын дамыту;<br>-өзімен қатар құрбыларымен достық қарымқатынаста болуға, бірлесіп атқарған жұмысты оң қабылдауға тәрбиелеу. | 2 | |
| 49-50 | Суда тіршілік ететін жануарлар | -балалардың балықтар, бақалар мен су жәндіктері және олардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту;<br>-табиғат жөнінде қарапайым ғылыми түсінік қалыптастыру, табиғатпен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру;<br>-төңірегіндегі адамдармен жақсы қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу. | 2 | |
| 51-52 | Көктем белгілері | -балалардың табиғаттағы маусымдық өзгерістер жайлы; сүңгі, тамшы сынды құбылыстар туралы түсініктерін кеңейту;<br>-ізденімпаздық-танымдық қызметке деген құштарлығын күшейту;<br>-бірлесіп зерттеулер жүргізуге деген қызығушылығын ояту. | 2 | |

**2022 - 2023 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН ТАНЫСТЫРУ / СӘУІР АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 53-54 | Жантақ қайда өседі? | -балалардың бойында түрлі өсімдіктердің өсетін жері (далалық, шабындық, орман, егіс алқабы, бақша және т.б.), аймақтың ерекшелігіне қарай өсетін: жантақ, сексеуіл, бетеге, құм акациясы, ебелек (қаңбақ), жүзгін сынды өсімдіктер туралы түсінік қалыптастыру;<br>-тәжірибелік жұмысқа деген қызығушылығын арттыру, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілетін күшейту;<br>-туған өлкені сүйе білуге тәрбиелеу. | 2 | |
| 55-56 | Қандай өсімдіктердің емдік қасиеті бар? | -балалардың бойында дәрілік өсімдіктердің кейбір түрлері және олардың емдік қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; гүлдейтін шөптесін өсімдіктердің өздеріне тән белгілеріне қарай атын атап, тану қабілетін дамыту;<br>-зейінін, көзбен көргенін есте сақтау қабілетін және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілетін дамыту. | 2 | |
| 57-58 | Жануарлар жауынан қалай қорғанады? | -балалардың қоректік тәуелділік туралы түсінігін жетілдіру; қоректік тізбек жасау қабілетін дамыту; -балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру;<br>-табиғатпен адамгершілік қарым-қатынаста болуға үйрету. | 2 | |
| 59 | Көктемгі табиғаттың өзгеруі | -балаларды көктемдегі маусымдық өзгерістермен таныстыру; ағаштардың гүлдеу ерекшеліктері туралы түсінігін пысықтау;<br>-өзіндік эксперименталды жұмыстар ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін нығайту;<br>-табиғатты аялауға тәрбиелеу. | 2 | |

# 2023 - 2024 оқу жылына арналған
# ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
# ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН ТАНЫСТЫРУ / МАМЫР АЙЫ/

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 60-61 | Ағаштарды не үшін отырғызады? | -балалардың жасыл-желектің адам мен жануарлар өмірінде атқаратын рөлінің маңыздылығы туралы экологиялық түсініктерін нығайту;<br>-тәжірибелік жұмысқа деген қызығушылығын күшейтіп, бақылау нәтижесін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту;<br>-табиғатпен саналы қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. Зерттеушілік белсенділікке баулу. | 2 | |
| 62 | Қызыл кітапқа қандай жануарлар мен өсімдіктер енген? | -балалардың Қазақстан Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктер туралы түсініктерін нығайту;<br>-тірі нысанды суреттеу қабілетін, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту;<br>-туған өлкені сүюге тәрбиелеу. | 1 | |
| 63-64 | Табиғатқа қамқор бол. | -табиғат аясында өз-өзін ұстау тәртібімен таныстыру. Балалардың назарын қоршаған орта проблемаларына аудару;<br>-балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру;<br>-қатар құрбыларымен және ересектермен өзара қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу. | 2 | |
| 65-66 | Біз – жас зерттеушіміз. | -жобалық жұмыстар арқылы балалардың танымдық қызметін жандандыру. Олардың қабілеттері мен дағдысын бекіту;<br>-тәжірибелік жұмыстарға деген қызығушылығын арттыру, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту;<br>-зерттеушілік және экологиялық сана-сезімін жетілдіру. | 2 | |
| **Барлығы: 66 сағат** | | | | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**СУРЕТ САЛУ / ЖЫЛДЫҚ /**

**Білім беру ұйымы: «IT мектеп-лицей»КММ**
**Топ/сынып:**Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:**5-6жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** қыркүйек-жылдық 2023-2024 оқу жылы
***Айына 1 сағат, барлығы 9 сағат***
***Алматы «Алматыкітап баспасы» 2022 ж.***
**Мақсаты:** тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту.
**Міндеттері:**

балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;

балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;

қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;

өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;

музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;

тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;

балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.

**Сурет салу.**

Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу.

Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар).

Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.

Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер

алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау.

Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен және т. б.) қолдану.

Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде).

Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау.

Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл» және т.б.) туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу.

Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол және т.б.) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өзбетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.

Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.

Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу.

Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің және басқалардың желісін жеткізе білуін жетілдіру.

Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өзбетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.

**Күтілетін нәтижелер:**

- заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсінеді;
- тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы жеткізеді;
- түстерді өз қалауы бойынша таңдайды;
- бояулармен қолдануды, бояғышта акварельді сумен араластыруды, қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояуды біледі;
- өз жұмысының нәтижелерін бағалай алады;

- сурет салуда әртүрлі техниканы қолданады;
- парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратады;
- жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығарады;
- қазақ ою-өрнектерінің түрлерін біледі;
- ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін салады;
- оюды өзбетінше ойдан салады;
- ұжыммен бірге жұмыс істейді, міндеттерді өзара келісіп орындайды;
- ою-өрнек элементтерін пішіндердің ортасында және шеттеріне салады;
- қазақ оюларының элементтерін салады және олармен киімдерді, тұрмыстық заттарды безендіреді;
- сюжеттік суреттерді салады;
- ұжымдық жұмыстарды орындайды, ойдан сурет салады;
- суретті бейнелеуде мәнерлі құралдарды, қазақ оюларының элементтерін қолданады;
- сурет салуда ұқыптылықты, қауіпсіздікті сақтайды.

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ағаш бұтақтары.<br>*(Түрлі түсті қарындаштар)* | -ағаш түрлері, терек бұталарының салыну тәсілдері туралы білім беру;<br>-балалардың шығармашылық қабілетін дамыту;<br>- жұмысты ұқыпты, таза жасауға тәрбиелеу. | 1 | |
| 2 | Жаңбырлы күн.<br>*(Акварель бояу)* | -мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін үйрету; қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;<br>-ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, тиянақтылыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| 3 | Гүлдене бер, Қазақстан!<br>*(Акварель бояу)* | -балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету,Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту;<br>-балалардың туған жердің көрінісін қағазға түсіре білудегі<br>шығармашылық ойлауын дамыту; | 1 | |
| 4 | Менің сүйікті ертегім.<br>*(Акварель бояу)* | -балаларды сурет салғанда ертегілер сюжетін, өздері ұнататын кейіпкерлерге тән сипаттарды бере білуге баулу.<br>-балаларды елестете отырып сурет салу тәсілдерімен таныстыру; | 1 | |
| 5 | Мерекелік дастарқан.<br>*(Акварель бояу)* | -балаларды қазақтың қонақжайлылығымен таныстыру;<br>-дастарқанды әшекейлеу арқылы көркемдік талғамын қалыптастыру; | 1 | |
| 6 | *Қысқы табиғат.*<br>*(Акварель бояу)* | -балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білуге үйрету.<br>-балалардың қысқы табиғат құбылыстары туралы білімдерін нығайту;<br>-табиғат құбылыстарын бейнелей білу, балаларға табиғатқа деген қамқорлық жасаудың қажеттілігін түсіндіру; | 1 | |
| 7 | Сәукелені әшекейлейміз<br>Алашаны әшекейлеу.<br>*(Акварель бояу)* | -қазақ халқының тұрмысы, еңбегі, ұлттық киімдер туралы ұғымдарын бекіту;<br>-балалардың шығармашылық қабілетін дамыту;<br>-балаларды бір-біріне дұрыс қарым-қатынас жасауға, | 1 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | адамгершілік, ізгілік қасиеттерге тәрбиелеу. | | |
| 8 | Көрікті көктем.<br>*(Акварель бояу)* | -балалардың көктемгі құбылыстар туралы білімдерін бекіту;<br>-көктемнің шуақты бейнесін көре білуге, қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру;<br>-жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу. | 1 | |
| 9 | Кешкі қала.<br>*(Акварель бояу)* | -ауыл мен қала ерекшеліктері, құндылықтары туралы білімдерін бекіту, алған әсерлерін көрсете білуге үйрету;<br>-кешкі қала көрінісін сезіне отырып, қағаз бетіне дұрыс орналастыруды үйрету;<br>-жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу. | 1 | |
| **Барлығы: 9 сағат** | | | | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**МҮСІНДЕУ / ЖЫЛДЫҚ /**

**Білім беру ұйымы: «ІТ мектеп-лицей»КММ**
**Топ/сынып:**Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:**5-6жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** қыркүйек-жылдық 2023-2024 оқу жылы
**Айына 1 сағат, барлығы 8 сағат**
***Алматы «Алматыкітап баспасы» 2022 ж.***
**Мақсаты:** тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту.
**Міндеттері:**

балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;

балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;

қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;

өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;

музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;

тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;

балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.

**Мүсіндеу.**

Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу.

Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көкөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу.

Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.

Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.

Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.

Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық және т.б.), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен және т.б), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау және т.б.), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.

Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру.

Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау.

Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.

**Күтілетін нәтижелер:**

- сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеу ерекшеліктерін біледі;
- шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндейді;
- қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндейді;
- мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолданады;
- қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын, тұрмыстық заттарын, зергерлік бұйымдарын мүсіндейді және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен безендіреді;
- біртекті заттардан сюжеттер құрастырады, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастырады;
- ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құрады;
- ортақ композиция құру үшін ұжыммен мүсіндеу дағдыларын меңгерген;
- мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнайды;
- жұмысты ұқыпты орындайды, қауіпсіздік ережелерін сақтайды.

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Жеміс бағында. | -пішінді мүсіндеудің таныс әдістерін пайдалана отырып,жемістерді мүсіндеу;<br>-бейнені затпен салыстыру, мүсіндегісәйкестіктерді анықтай білу қабілеттерін дамыту**;**<br>-балаларды табиғатты сүюге тәрбиелеу**.** | 1 | |
| 2 | Көгөністер. Саңырауқұлақтар. | -геометриялық фигураларды қияр, қызылша, сәбіз,т.б. көгөністер пішініне келтіру арқылы мүсіндеу;<br>-қолдың ұсақ моторикасын,ойлау қабілеттеріндамыту;<br>-адамгершілік,эстетикалық тәрбие беру. | 1 | |
| 3 | Күзгі жапырақтар. (бедерлі мүсіндеу)<br>Жаңғақ кемірген тиін. | -маусымдық өзгерістер туралы білімін кеңейту;<br>-балалардың қиялын, ойлау қабілетін дамыту;<br>-еңбекқорлыққа, ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| 4 | Кесе. | -ыдыстың шығу тарихымен, ыдысты жасайтын материал түрімен (тас, әйнек, ағаш, металл, қыш, пластик )таныстыру;<br>-белсенділігін, шығармашылығын дамыту;<br>-тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 | |
| 5 | Тостаған. | -ұлттық ыдыстардың ерекшеліктеріне назар аудара отырып, оны мүсіндеудің әдіс-тәсілдерімен таныстыру;<br>-ойын арқылы балалардың қимыл- қозғалыстарын, көркемдік талғамдарын дамыту;<br>-балаларды ауызбірлікке,ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу. | 1 | |
| 6 | Торсық. | -торсықты әртүрлі әдіс-тәсілдермен безендіру; торсықтың пішініне сәйкес ою-өрнектерді шығармашылықпентаңдап, әшекейлеу жолдарын түсіндіру;<br>-ұсақ қол қимылдарын дамыту, көру арқылымүсіндей білу іскерліктерін қалыптастыру;<br>-ұлттық бұйымға деген қызығушылықтарын ояту,өнерді сүюге тәрбиелеу. | 1 | |
| 7 | Ғарыш кемесі. | -ғарыш әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру;<br>-балардың ой-қиялын, эстетикалық талғамдарын дамыту; | 1 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | -Отанын, елін, жерін сүюге, адалдыққа,батылдыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | |
| 8 | Әдемі гүлдер. | -гүлдердің түр-түстерін ажырата білуге баулу;<br>өсімдіктерді күту ережелерімен таныстыру;<br>-қолдың қимылын, сөздік қорын, тілін дамыту;<br>-эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, табиғаттыаялай | 1 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**ЖАПСЫРУ / ЖЫЛДЫҚ /**

**Білім беру ұйымы: «ІТ мектеп-лицей»КММ**
**Топ/сынып:**Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:**5-6жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** қыркүйек-жылдық 2023-2024 оқу жылы
**Айына 1 сағат, барлығы 8 сағат**
**Алматы «Алматыкітап баспасы» 2022ж.**
**Мақсаты:** тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту.
**Міндеттері:**

балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;

балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;

қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;

өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;

музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;

тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;

балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.

**Жапсыру.**

Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.

Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.

Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.

Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық және т.б.), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр және т.б.) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.

Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.

Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.

Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.

**Күтілетін нәтижелер:**

- қайшымен түрлі геометриялық пішіндерді қияды;
- таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қияды;
- қазақ халқының тұрмыстық заттарын, киіз үйдің жабдықтарын таниды, оларды қиып жапсырады, ою-өрнектермен безендіреді;
- жұмыс тәсілдерін таңдайды және түсіндіреді;
- бірнеше бөліктерден бейнелерді құрастырады;
- сюжеттік композициялар жасайды, оларды сәнді бөлшектермен толықтырады;
- жұмысты жеке және топпен бірлесіп жасайды, топтық жұмыста міндеттерді келісіп атқарады;
- сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын береді;
- шаблондар мен трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істейді;
- геометриялық элементтерден құрастырады, заттарды қазақ ою-өрнектерімен безендіреді;
- қайшы мен желімді дұрыс қолданады;
- еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтайды.

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Көшедегі үйлер.Біздің үй. | -архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейте отырып, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту;<br>-балалардың үй туралы, оның түрлері туралы ой-қиялдарын жетілдіру. | 1 | |
| 2 | Күзгі жапырақтар. | -қол, саусақ қимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту;<br>-табиғатты сүюге, еңбекке тәрбиелеу. | 1 | |
| 3 | Бұлттар. | -қағаз бетіне бейнені дұрыс орналастыра білу машығына баулу;<br>-шығармашылық қабілеттерін дамыту;<br>-табиғатты сүюге, әсемдікке тәрбиелеу. | 1 | |
| 4 | Айдарлы әтеш.Түлкі. | -үй құстарына деген қамқорлық сезімдерін ояту;--<br>-ойлау қабілеттерін , қиялын дамыту.<br>-бұрынғы үйренген әдіс-тәсілдерді өз еріктерімен қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;<br>-ұсақ қол қимылдарын, ойлау қабілетін дамыту ,<br>-ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу**.** | 1 | |
| 5 | Домбыра. | -бүктелген қағаздан симметриялы пішінді қия білуді жалғастыру;<br>-шығармашылық қасиеттерін дамыту;<br>-қол қимылдарын жаттықтыру;<br>-өнерді бағалай білуге, өнерлі болуға талпынуға ықпал ету. | 1 | |
| 6 | Орамалды әшекейле. | -балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін пысықтау;<br>-ұқыпты жапсыруға үйрету;<br>-саусақ моторикасын дамыта отырып, өнерге баулу;<br>-сенсорикалық тәрбиені дамыту;<br>-достарына көмектесе білуге тәрбиелеу. | 1 | |
| 7 | Әжеме арналған қамзол. | -сәндік қолданбалы өнер түрлерімен таныстыру;<br>-саусақ қимылдарын дамыту, қағазды қатпарлап, бүктеп қию әдістерін жалғастыру;<br>-ою атауларын еске түсіру;ұлттық өнерді қадірлеуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | 1 | |
| 8 | Мерекелік жалаушалар | -қағаздарды түр-түсіне қарай іріктеп алу, пішіндерді қағаз бетіне дұрыс орналастыра білу дағдыларын | 1 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**ҚҰРАСТЫРУ / ЖЫЛДЫҚ /**

**Білім беру ұйымы: «IT мектеп-лицей»КММ**
**Топ/сынып:**Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:**5-6жас
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** қыркүйек-жылдық 2023-2024 оқу жылы
***Айына 1сағат, жылдық жүктеме 8 сағат***
***Алматы «Алматыкітап баспасы» 2022 ж.***

**Мақсаты:** тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту.

**Міндеттері:**

балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;

балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;

қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;

өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;

музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;

тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;

балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.

**Құрастыру.**

Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.

Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау.

Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба

бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.

Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.

Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.

Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.

**Күтілетін нәтижелер:**

- ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастырады;
- құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастырады;
- өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табады, оларды құрастыруда қолданады;
- бейнені кескіні бойынша қияды;
- қалдық және табиғи материалдан құрастырады;
- көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасайды;
- қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарын, киіз үйдің жасауларын, тұрмыстық заттарын, ыдыстарын таниды, олардың қандай материалдан жасалғанын ажыратады;
- ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастырады, жұмысты бірге келісіп орындайды, дайын құрылыспен ойнайды;
- ұжыммен бірге жұмыс істейді;
- жазық қағаз пішіндерді көлемді пішіндерге өзгертеді;
- жұмыс орнында қауіпсіздік ережелерін сақтайды.

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ұшақ. | -құрылыс материалдарынан ұшақты құрастыра білуге үйрету;<br>-ұшақты құрастыруда оның негізгі бөлігі мен ұсақ бөлшектерін ажырата алу және балалардың ой-қиялын дамыту;<br>-өзінің іс-әрекетін алдын ала жоспарлау дағдыларын қалыптастыру, батылдыққа, ерлікке тәрбиелеу. | 1 | |
| 2 | Жәндіктер. Жануарлар әлемі. | -табиғи материалдардын түрлерімен таныстыру және олардан жәндіктерді құрастыруды үйрету;<br>-кепкен жапырақтардың пішініне сәйкес әртүрлі ұсақ заттар дайындау, шығармашылық қабілеттерін дамыту;<br>-киндер қауашақтарынан аңдардың бейнесін жасай білуге үйрету;<br>-қалдық заттармен жұмыс жасауда шығармашылық ойлауды дамыту;<br>-сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту. | 1 | |
| 3 | Орманды мекендеушілер. | -табиғи материалдардан әртүрлі орман мекендеушілерін жасай білуге үйрету;<br>-табиғи материалдарды пайдаланып әртүрлі бейнелер жасай білу, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу, шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту;<br>- ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. | 1 | |
| 4 | Ою- өрнектер. Киіз үй. | -сым темірден ою-өрнек құрастыра білуді үйрету;<br>- көрнекіліктерді қолдану және ойдан шығару, өзінің көз алдына елестету<br>арқылы жұмыс жасай білуді дамыту;<br>-киіз үй құрастыруда оның негізгі бөліктерін ажырата алу және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету;<br>-киіз үйдің бөліктерінің атауларымен таныстыру, оның адам өміріндегі маңызын түсіндіру, жасаған құрылысын талдай білу;<br>-құрастыру барысында өзара келісімге келуге, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу. | 1 | |
| 5 | Көліктер. | -құрылыс материалдары мен «Лего» конструкторларды пайдалана отырып көлік түрлерін құрастыруға үйрету;<br>-бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастыру,олардың | 1 | |
| | | бөлшектерін берік орнату және шығармашылық ойлауды дамыту; | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | -берілген тақырыпқа сурет, фотосуреттер бойынша құрылыс салу оны сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту. Өзі жасаған құрылысын талдау негізінде шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлау, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу. | | |
| 6 | «Сиқырлы» қораптар. | -тіктөртбұрышты және цилиндр пішіндерден түрлі түсті қағаздарды пайдалана отырып жануарларды жасай білуге үйрету;<br>-қалдық заттарды, қораптарды пайдалана отырып көрсеткен үлгіге сәйкес бейнелерді жасай білу, ой-қиялын дамыту;<br>-қалдық заттардан жасалған ойыншықтарды өздігінен безендіру және шығармашылықпен еңбек ету, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. | 1 | |
| 7 | Мысық. Күшіктер. | -қалдық материалдармен заттар құрастыра білуге үйрету;<br>-қалдық материалдарды мақсатты түрде пайдалана білуді бекіту;<br>-қағаздан цилиндр пішіндер жасау арқылы күшікті бейнелей білуге үйрету;<br>-қағазбен көлемді пішіндер жасауда композицияға біріктіру, ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-күшіктің ұсақ дене бөліктерін өздігінен толықтыру, күрделі емес композицияға біріктіру;<br>-шығармашылық қиялды дамыту, үй жануарларына қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. | 1 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**МУЗЫКА / ЖЫЛДЫҚ/**

**Білім беру ұйымы: «IT мектеп-лицей»КММ**
**Топ/сынып:**Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:**5-6жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** қыркүйек айы 2023-2024 оқу жылы
**Аптасына 2 сағат, барлығы 66 сағат**
***Алматы «Алматыкітап баспасы» 2022ж.***
**Мақсаты:** тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту.
**Міндеттері:**

балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;

балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;

қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;

өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;

музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;

тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;

балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.

**Музыка.**

Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.

Музыка тыңдау.

Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.

Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.

Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды

жетілдіру.

Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазы, Қорқыт, Тәттімбет, Дина Нұрпейісова, Дәулеткерей Шығайұлы, Ықылас Дүкенұлы шығармаларымен таныстыру.

Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.

Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға

баулу. Ән айту.

Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.

Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.

Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар.

Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.

Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді

меңгеру. Билер

Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.

Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға «Қаражорға» биін билету.

Би шығармашылығы.

Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.

Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау

Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.

Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба және т.б.) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.

**Күтілетін нәтижелер:**

- музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілік танытады;
- музыкалық шығармаларға көзқарасын білдіреді, оның сипаты, мазмұны туралы айтады;
- қарапайым музыкалық жанрларды ажыратады (күй, ән, би, марш);
- әннің басында, музыкалық фразалардың арасында тыныс алуды біледі, бірінші октаваның «ре» екінші октаваның «до» диапазонында
- жеңіл дауыспен ән айтады;
- әннің сөзін анық айтады, музыка сипатын қабылдайды және жеткізеді;
- шығарманың жеке фрагменттерін (кіріспе, қайырмасы, соңы) ажырата алады;
- қазақ халқының күйші, композиторларын біледі;
- таныс әндерді өз бетінше музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды;
- әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындайды;
- музыкалық аспаптарда қарапайым әуендерді ойнайды;
- марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын – жеңіл және орташа (жоғары-төмен) ырғақпен береді;
- заттармен қимылдар жасайды, сюжетті ойындарды сахналайды;
- музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды;
- балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгерген.

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**МУЗЫКА / ҚЫРКҮЙЕК/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Репертуар | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-2 | Білімің-бұлағың. | -домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру,күйші-композитор Дәулеткерей шығармашылығымен таныстыру;<br>-әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру,әннің кіріспесін,басын,қайырмасын ажыратуға үйрету;<br>-балалардың музыкаға құштарлығын арттыру. | **Музыка тыңдау:**<br>«Қосалқа» Дәулеткерей<br>**Ән айту:** «Білімің – бұлағың»<br>(Т. Қоңыратбай)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр»(Т.Ломова)<br>**Билер:**«Жұптасу биі» (чех халық әуені)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова) | 2 | |
| 3-4 | Нота үйренейік. | -әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру,әннің кіріспесін,басын,қайырмасын ажыратуға үйрету;<br>-әннің сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау.Музыка сипатын ашық ырғақты,ширақ жүріспен беру. | **Музыка тыңдау**:<br>«Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай).<br>**Ән айту:**«До-ре-ми» (Ө. Байділдаев),<br>«Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Марш» (В. Дешевов)<br>**Билер:**«Жұптасу биі» (чех халық әуені)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>**«**Сиқырлы ағаш» («Дидактикалық | 2 | |
| | | | ойындар» жинағынан) | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Музыкалық аспапта ойнау:** | | |
| 5-6 | Көңілді ырғақтар. | -әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау;<br>-шығармалардың эмоциялық мазмұнын,олардың сипатын,көңіл күйін ажырату;<br>-музыка сипатына сәйкес ойын әркеттерін орындау,музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту;<br>-көңілді әуенге қызығушылықтарын ояту. | **Музыка тыңдау:**<br>**«**Вальс» (Қ. Шілдебаев), «Полька» (М. Красев), «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев)<br>**Ән айту:**«Мен өнерлі баламын» (М. Омаров)<br>«До-ре-ми» (Ө. Байділдаев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен)<br>**Билер:** «Жұптасу биі» (чех халық әуені)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Ән салған кім?» (А. Райымқұлова)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай) | 2 | |
| 7-8 | Біздің аспаптар. | -ұлттық домбырада орнидалатын күй жанрымен таныстыру;<br>-әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру;<br>-әуеннің би сипатын сезіну,би қимылдарының элементтерін орындау;<br>-балалардың музыка аспабына деген қызығушылығын арттыру. | **Музыка тыңдау:**<br>«Балбырауын» (Құрманғазы)<br>**Ән айту:**«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>«Мен өнерлі баламын» (М. Омаров)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Марш» (В. Дешевов)<br>**Билер: «**Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш»,<br>«Жұптасу биі» (чех х. әуені)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай) | 2 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру;<br>-музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау:музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту;<br>-қимылдарды музыкаға ілесе орындауларын қадағалау. | «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**:<br>«Марш» (Е. Андосов)<br>**Билер: «**Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш»,<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай) | | |

# 2023 - 2024 оқу жылына арналған
# ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
# МУЗЫКА / ҚАЗАН АЙЫ/

| **Р/с №** | **ҰІӘ-нің тақырыбы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** | **Репертуар** | **Сағат саны** | **Өту мерзімі** |
|---|---|---|---|---|---|
| 9-10 | Күзгі серуен. | -әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру;<br>-музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау:музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту;<br>-қимылдарды музыкаға ілесе орындауларын қадағалау. | «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**:<br>«Марш» (Е. Андосов) **Билер:**<br>**«**Шабандоздар биі» (үнтаспада<br>«Жұмыр қылыш»,<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай) | 2 | |
| 11-12 | Күз – жомарт.Күзгі жаңбыр. | -күйші Тәттімбет шығармашылығымен таныстыру;<br>-музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету;<br>-әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту. | **Музыка тыңдау:**<br>«Саржайлау» (Тәттімбет)<br>**Ән айту:**«Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Жеңіл би» (Т. Ломова) **Билер:**<br>«Шабандоздар биі» (үнтаспада<br>«Жұмыр қылыш» («Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар:**<br>«Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев) | | |
| 13-14 | Сабантойды тойлаймыз. | -қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажырату;<br>-музыка сипатына сәйкес | **Музыка тыңдау:**<br>«Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова)<br>**Ән айту:**«Сабантой» (Е. Хасанғалиев)<br>«Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**:<br>«Марш» (Е. Андосов) | 2 | |
| | | қимылдар орындау;<br>-ұлттық ойындардың көңілді | **Билер:** «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен) | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сипатын бере білу. | **Ойындар, хороводтар:**<br>«Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, үнтаспадан) | | |
| 15-16 | Елтаңбасы елімнің.<br>Гүлдене бер, Нұр Сұлтан. | -музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру;<br>-әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру. | **Музыка тыңдау:**<br>«Аққу» (Н. Тілендиев, үнтаспа)<br>**Ән айту:**<br>«Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров)<br>«Сабантой» (Е. Хасанғалиев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Шеңберге тұр» (Л. Бетховен)<br>**Билер:«**Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Аспаптардың дауысын ажырату» | 2 | |
| 17-18 | Біздің рәміздер. | -әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату; -халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру;<br>-қазақтың ұлттық | **Музыка тыңдау:**<br>«Қазақстан жалауы» (Д. Омаров) **Ән айту:** «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова)<br>«Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Жаса,Қазақстан»(үнтаспада)<br>«Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова)<br>Билер: «Қара бала» биі («Билеп | 2 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**МУЗЫКА / ҚАРАША АЙЫ/**

| **Р/с №** | **ҰІӘ-нің тақырыбы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** | **Репертуар** | **Сағат саны** | **Өту мерзімі** |
|---|---|---|---|---|---|
| 17-18 | Біздің рәміздер. | -әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату; -халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру; -қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру. | **Музыка тыңдау:** «Қазақстан жалауы» (Д. Омаров) **Ән айту:** «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Жаса,Қазақстан»(үнтаспада) «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай) | 2 | |
| 19-20 | Жомарт өлкем | -қазақ халқының музыкасын қабылдау; -әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын,қайырмасын ажырату; -музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру. | **Музыка тыңдау:** «Туған ел» (Л. Хамиди) **Ән айту:**«Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) «Астана» (А. Досмағанбет) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Жаса, Қазақстан» (үнтаспада) «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова) **Билер:** «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар:** «Ноталарды орналастыр» («Дидактикалық ойындар» жинағынан) **Музыкалық аспапта ойнау:** | 2 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай) | | |
| 21-22 | Егеменді елім | -әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату;<br>-музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту; -ойын арқылы балаларды достыққа, бірлікке тәрбиелеу. | **Музыка тыңдау:**<br>«Алатау» (Н. Тілендиев, үнтаспадан)<br>**Ән айту:**<br>«Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова)<br>«Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Айна» орыс х.ә. (өңдеген М. Раухвергер)<br>**Билер:** «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар:<br>«Шаңырақ» ойыны<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай) | 2 | |
| 23-24 | Қысқы орманда. | -музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру;<br>-әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау.Музыка сипатына сәйкес қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру;<br>-әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау. | **Музыка тыңдау:**<br>«Желтоқсан» (П. Чайковский)<br>**Ән айту:**«Шырша әні» (К. Қуатбаев)<br>«Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер) **Билер:** «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Айналмалы дөңгелек» («Дидактикалық ойындар» жинағы)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай) | 2 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**МУЗЫКА / ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Репертуар | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|
| 25-26 | Орманда серуендейміз. | -шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату;<br>-мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту;<br>-әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыкалық аспаптарда ойнауға үйрету. | **Музыка тыңдау:**<br>«Жаңа жыл» (Қ. Шілдебаев)<br>**Ән айту:**Ақша қар» (Е. Өміров)<br>«Шырша әні» (К. Қуатбаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**:<br>«Сағат» (Е. Андосов)<br>**Билер:**<br>«Ұлпақарлар биі»<br>(«Вальс» П. Чайковский үнтаспада,<br>«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Полька» (А. Филиппенко) | 2 | |
| 27-28 | Қысқы әуен сыңғырлайды. | -шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату;<br>-қолмен музыка бағытын (жоғары-төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғы- төменгі қозғалысын ажырату, әнмен шеңберді айналып жүру;<br>-ойын арқылы балаларды ұйымшылдыққа баулу. | **Музыка тыңдау:**<br>«Қыс» (А. Вивальди, үнтаспадан)<br>**Ән айту:**«Ақша қар» (К. Қуатбаев)<br>«Ақша қар» (Е. Өміров)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Шеңберге тұр» (Л. Бетховен)<br>**Билер:**«Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский үнтаспада,<br>«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>**«**Жылдам құрастыр»<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Полька» (А. Филиппенко) | 2 | |
| 29-30 | Қыс қызығы. | -музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту;<br>-әннің сипатын қабылдау дауысын | **Музыка тыңдау:**<br>«Вальс» (С. Майкапар)<br>**Ән айту:**«Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев)<br>«Ақша қар» (К. Қуатбаев) | 2 | |
| | | дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру; | **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Аюлар биі» (Е. Тиличеева) | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | -әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау. | **Билер:** «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Төмен және жоғары дыбыстар» ойыны**Музыкалық аспапта ойнау:** «Полька» (А. Филиппенко) | | |
| 31-32 | Бұл қай кезде болады? | -әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау;<br>-ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу, дауыс биіктіктерін ажыратып,үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұру;<br>-ойын арқылы балаларды әдептілікке тәрбиелеу. | **Музыка тыңдау:** «Қыс» (Б. Ерзакович)<br>**Ән айту:** «Зырлайды шанамыз» ( М. Маңғытаев)<br>«Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт)<br>**Билер:** «Испан биі»<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>**«**Кешікпе» орыстың х.ә. (өңдеген М. Раухвергер) **Музыкалық аспапта ойнау:**«Полька» (А. Филиппенко) | 2 | |
| 33-34 | Айнала ақша қар. | -музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру, дыбыстарды ажырату, қолымен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату;<br>-музыканың ширақ сипатын | **Музыка тыңдау:**<br>«Вальс» (Қ. Шілдебаев)<br>**Ән айту:**«Айнала ақша қар» (И. Мамақов)<br>«Қыс келді» (Б. Жұмабекова)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Көңілді балалар» литва х.ә. (өңдеген Т. Ломова)<br>**Билер:** «Қоян биі» (В. Питерцев)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Көлеңке» (К. Қуатбаев) | 2 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**МУЗЫКА / ҚАҢТАР АЙЫ/**

| Р/с № | ҰІӘ-нің тақырыбы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Репертуар | Сағат саны | Өту мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|
| 33-34 | Айнала ақша қар. | -музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру, дыбыстарды ажырату, қолымен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату;<br>-музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру, тізені көтеріп жүгіруді орындау;<br>-би элементтері арқылы балаларға эстетикалық тәрбие беру. | **Музыка тыңдау:**<br>«Вальс» (Қ. Шілдебаев)<br>**Ән айту:**«Айнала ақша қар» (И. Мамақов)<br>«Қыс келді» (Б. Жұмабекова)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Көңілді балалар» литва х.ә. (өңдеген Т. Ломова)<br>**Билер:** «Қоян биі» (В. Питерцев)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Көлеңке» (К. Қуатбаев)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко) | 2 | |
| 35-36 | Бесік жыры. | -лирикалық вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдап, пьесаның билеуге икемді сипатын сезініп, қарқындық өзгерісін белгілеу, фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айту;<br>-бесік жыры арқылы балаларды имандылыққа тәрбиелеу. | **Музыка тыңдау:**<br>«Бесік жыры» (Ш. Мұхамеджанов)<br>**Ән айту:**<br>«Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев)<br>«Айнала ақша қар» (И. Мамақов)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Қоян», «Аю» (Е. Тиличеева)<br>**Билер:** «Полька» хорват х.ә. (өңдеген В. Герчик)<br>**Ойындар, хороводтар**:<br>«Көлеңке» (К. Қуатбаев)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Құлыншақ» (С. Урбах) | 2 | |
| 37-38 | Ақ әжем. | -музыкалық дыбысталуының | **Музыка тыңдау:** | 2 | |
| | | сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық | «Ақ әжем» (К. Қуатбаев)<br>**Ән айту:** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, шығарманы сипаттай білу;<br>-жеңіл әуендерді ансамбльмен, балаларға арналған музыкалық аспаптарда,фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау;<br>-үлкенге ілтипат, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. | «Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай)<br>«Екеуміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Сағат» (Е. Андосов)<br>**Билер:**<br>«Полька» эстон халық биі<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Қоянды ұстаңдар» (К. Қуатбаев)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>**«**Янка» беларусь халық биі | | |
| 39-40 | Ана – өмір | -музыкалық мәнерлілік құралдары | **Музыка тыңдау:** | 2 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**МУЗЫКА / АҚПАН АЙЫ/**

| **Р/с №** | **ҰІӘ-нің тақырыбы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** | **Репертуар** | **Сағат саны** | **Өту мерзімі** |
|---|---|---|---|---|---|
| 41-42 | Домбыра сазы. | -домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдау;<br>-фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту, ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру**.** | **Музыка тыңдау:**<br>«Келіншек» қ.х.к. (өңд. Б. Дәлденбай)<br>**Ән айту:**<br>«Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев)<br>«Анашым» (Е. Хасанғалиев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Айна» орыс х.ә. (өңд М. Раухвергер)<br>**Билер:** «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар:**<br>«Қос дабыл» (А. Райымқұлова)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников) | 2 | |
| 43-44 | Көктем әндері. | -музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерін байланыстыру;<br>-сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып әндерді айту. Балаларға арналған аспапта ойнаудың қарапайым дағдыларын игеру;<br>-ойын арқылы балаларды ептілікке,жылдамдыққа тәрбиелеу. | **Музыка тыңдау:** «Қараторғай» (Ақан сері, өңд. Б. Ерзакович) **Ән айту:**<br>«Көктем» (Д. Гусинцев)<br>«Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт)<br>**Билер:** «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар:**<br>«Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Латыш полькасы» (М. Раухвергер) | 2 | |
| 45-46 | Наурыз – жыл басы. | -музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі | **Музыка тыңдау:**<br>«Ақ сиса» (Жаяу Мұса) | 2 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ажырату қабілетін дамыту.<br>Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу;<br>-ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру;<br>-балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту. | **Ән айту:**<br>«Наурыз тойы» (Т. Мұратов)<br>«Көктем» (Д. Гусинцев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Аюлар биі» (Е. Тиличеева)<br>**Билер:** «Қамажай» х.ә.<br>(өңдеген Н. Меңдіғалиев)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Үйшік» (В. Витлин)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>**«**Сәулем-ай» қазақтың х.ә.<br>(өңдеген Б. Дәлденбай) | | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**МУЗЫКА / НАУРЫЗ АЙЫ/**

| **Р/с №** | **ҰІӘ-нің тақырыбы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** | **Репертуар** | **Сағат саны** | **Өту мерзімі** |
|---|---|---|---|---|---|
| 47-48 | Қайырлы таң. | -музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұнын элементтерімен байланыстыру;<br>-қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату;<br>-Қазақстан композиторларының шығармашылықтарымен таныстыруды жалғастыру | **Музыка тыңдау:**<br>«Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова)<br>**Ән айту:**<br>«Қайырлы таң» (Е. Өміров)<br>«Наурыз тойы» (Т. Мұратов)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Жеңіл би» (Т. Ломова)<br>**Билер:**<br>«Қоян биі» (В. Питерцев)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Төлдер» (Д. Ботбаев)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Латыш полькасы» (М. Раухвергер) | 2 | |
| 49-50 | Менің туыстарым. | -музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру;<br>-музыкаға сәйкес заттармен қозғалу, саптағы орнын өзгерте отырып, кеңістікте еркін бағдарлау;<br>-отбасы мүшелеріне деген сыйластықты дамыту. | **Музыка тыңдау:**<br>«Жан анам» (Е. Өміров)<br>**Ән айту:** «Екеуміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев) «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Шеңберге тұр» (Л. Бетховен)<br>**Билер:**<br>«Тырналар биі» (Д. Абиров)<br>**Ойындар, хороводтар**:<br>«Төлдер» (Д. Ботбаев)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Атқа мініп шабамыз» (В. Агафонников) | 2 | |
| 51-52 | Ғарыш әлеміне саяхат. | -музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту;<br>-динамикалық ерекшелікті көрсете | «Қайырлы таң» (Е. Өміров)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Көңілді би» (И. Штраус)<br>**Би шығармашылығы**: | 2 | |
| | | отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу; | Өз беттерінше би ойлап шығару.<br>**Ойындар, хороводтар:** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | -музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыру. | «Қанша дыбыс» ойыны<br>(Дидактикалық ойындар жинағынан)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Тамшылар» румын х.ә.<br>(өңдеген Т. Попатенко) | | |
| 53-54 | Құстар біздің досымыз. | -музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту;<br>-балаларды құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу, құстар бізге дос екенін түсіндіру. | **Музыка тыңдау:**<br>«Көкек» (Х. Мұхамедова)<br>**Ән айту:**<br>«Көктем» (А. Жайымов)<br>«Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Құстар» (Т. Ломова)<br>**Билер**: «Көкпар» биі<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>**«**Не қалай шақырады?» | 2 | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**МУЗЫКА / СӘУІР АЙЫ/**

| **Р/с №** | **ҰІӘ-нің тақырыбы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** | **Репертуар** | **Сағат саны** | **Өту мерзімі** |
|---|---|---|---|---|---|
| 53-54 | Құстар біздің досымыз. | -музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту;<br>-балаларды құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу, құстар бізге дос екенін түсіндіру. | **Музыка тыңдау:**<br>«Көкек» (Х. Мұхамедова)<br>**Ән айту:**<br>«Көктем» (А. Жайымов)<br>«Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Құстар» (Т. Ломова)<br>**Билер**: «Көкпар» биі<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>**«**Не қалай шақырады?»<br>(Музыкалық-дидактикалық ойын)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Ұйықташы, бөпешім»<br>**(**В. Агафонников) | 2 | |
| 55-56 | Бақшадағы ән-сауық. | -музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру;<br>-сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту. | **Музыка тыңдау:**<br>«Жас дәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева)<br>**Ән айту:**<br>«Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков)<br>«Көктем» (А. Жайымов)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай)<br>**Билер:** «Көкпар» биі<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Әуенді сағат» ойыны<br>(Дидактикалық ойындар жинағынан)**.** | 2 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Музыкалық аспапта ойнау:** «Күншуақ» (Е. Құсайынов) | | |
| 57-58 | Ән салып, би билейміз. | -музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру;<br>-қолмен әннің бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату;<br>-ән арқылы балаларды адамгершілікке,инабаттылыққа тәрбиелеу. | **Музыка тыңдау:**<br>«Балдырғандар маршы» (К. Қуатбаев)<br>**Ән айту:**<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>«Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай)<br>**Билер:** «Еркебұлан»<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Соқыртеке» (Е. Хасанғалиев)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Атқа мініп шабамыз» (В. Агафонников) | 2 | |
| 59-60 | Музыка әлеміне саяхат. | -лирикалық байсалды әуендерді қабылдап, қарқындық өзгерісін белгілеу. Фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту;<br>-жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту;<br>-балаларды ептілікке, жинақылыққа тәрбиелеу. | **Музыка тыңдау:**<br>«Қыз Жібек» операсынан үзінді (үнтаспа, Е. Брусиловский)<br>**Ән айту:** «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Бақытты балалық шақ»<br>(«Мен бақытты баламын» CD),<br>«Полька» (М. Красев)<br>**Билер:** «Еркебұлан»<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Үйшік» (В. Витлин)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Латыш полькасы» (М. Раухвергер) | 2 | |
| 61-62 | Ел қорғауға әзірміз. | -динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, | **Музыка тыңдау:**<br>«Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев) | 2 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | заттармен қозғалу;<br>-сюжетті ойындарды сахналауға үйрету, бейнелік би қозғалыстарын қолдана отырып, әндерді сахналау;<br>-балаларды батырлыққа, жігерлілікке тәрбиелеу. | «Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров)<br>«Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Жеңіс күні»<br>Б. Бейсенова (үнтаспада)<br>«Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова) **Билер:** «Полька» эстон халық биі **Ойындар, хороводтар:** «Кешікпе»<br>орыстың х.ә. (өңдеген М. Раухвергер)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:** «Құлыншақ» (С. Урбах) | | |

**2023 - 2024 оқу жылына арналған**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**/ МАМЫР АЙЫ/**

| **Р/с №** | **ҰІӘ-нің тақырыбы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** | **Репертуар** | **Сағат саны** | **Өту мерзімі** |
|---|---|---|---|---|---|
| 63-64 | Жас ұландар. | -музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру;<br>-қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату. | **Музыка тыңдау:**<br>«Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев)<br>**Ән айту:**<br>«Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров)<br>«Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Жеңіс күні»<br>Б. Бейсенова (үнтаспада)<br>«Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова) **Билер:**<br>«Полька» эстон халық биі **Ойындар, хороводтар:** «Кешікпе»<br>орыстың х.ә. (өңдеген М. Раухвергер)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Құлыншақ» (С. Урбах) | 2 | |
| 65 | Біз мектепке барамыз. | -музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау;<br>-түрлі сипаттағы музыкамен байланысты музыкалық-ойын бейнелерін:<br>байсалды, баяу және көңілді, шаттанған, би күйін мәнерлі жеткізу. | **Музыка тыңдау:**<br>«Сәби қуанышы» (Е. Құсайынов)<br>**Ән айту:**«Қош, балбұлақ балабақшамыз» (Б. Жұмабекова)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>«Балаларды қорғаймыз»(А.Досмағанбет)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Гүлдер вальсі» (П. Чайковский, үнтаспада)<br>**Билер:** Биді балалардың қалауынша қайталау<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Кім мектепке тез жиналады»<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. | 1 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Попатенко) | | |
| 66 | Шақырамыз жарысқа. | -музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру;<br>-сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту. | **Музыка тыңдау:**<br>«Жас дәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева)<br>**Ән айту:**«Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков) | 1 | |
| **Барлығы:66 сағат** | | | | | |